



## ҚОҚЫС ПЕН ҚАЛДЫҚ ТҮЙТКІЛІ

6-БЕТ | САРАПТАМА



## ТАСАДА ҚАЛА БЕРЕ МЕ?

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚОЛҒА АЛҒАН ШАРАЛАР НӘТИЖЕСİNДЕ БИЛІК ТАРМАҚТАРЫ АРАСЫНДА ТИІМДІ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ОРНАДЫ. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТІ БАР ПРЕЗИДЕНТТІК РЕСПУБЛИКА ҮЛГІСІНЕ КӨШТІ. ЕЛІМІЗДЕ «КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БАРЫНША ОРНЫҚТЫ. «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ҚАҒИДАТЫН НАҚТЫ ІСКЕ АСЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАР ЖАСАЛДЫ. ӘДІЛДІКТІ ЖӘНЕ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНАТУ ҮШІН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСІНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІ АРТТЫ. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ МҮЛДЕ ЖАҢА СИПАТҚА ИЕ БОЛДЫ.

№138 (4571)

Сейсенбі  
21 қараша  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA AQPAPAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ӨСЕДІ

Елімізде «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы қоғамдық талқылаудан өтті.

Құжатқа сәйкес, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап: елімізде ең төменгі жалақы – 70 000 теңге; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28 215 теңге; ең төменгі зейнетақы – 57 853 теңге; айлық есептік көрсеткіш – 3692 теңге; базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 43 407 теңге болмақ.

Сондай-ақ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап аталған төлемдердің 9 пайызға ұлғаюын ескере отырып, жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және ұзақ еңбек сіңіргені үшін зейнетақы төлемдеріне қаражат қарастырылған.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық төлемдерді төлеуге арналған ақшалай өтемақының ай сайынғы мөлшері әскери қызметшілерге (жедел қызметтегі әскерилерді қоспағанда) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметкерлеріне 3 739 теңге мөлшерінде белгіленеді.

Сонымен қатар, асыраушысынан айрылған азаматтарға, мүгедектері бар адамдарға, бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы және басқа да әлеуметтік мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері өседі.



## КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

Астананың экономикалық дамуына бизнес саласының қосып отырған үлесі орасан. Бүгінгі таңда елордада 210 мыңға жуық кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. Бизнес 460 мыңдай адамды жұмыспен қамтып отыр. Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордалық бизнес өкілдерімен кездесу өткізді.

## КӨК ЖЕЛЕК КӨБЕЙДІ

Биыл елордада 165 қоғамдық кеңістік пен аула пайдалануға берілді.

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының мәліметінше, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде биыл 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістік салынды. Оның 2-уі – 200 гектарлық саябақ, 10-ы – алаң, 33-і – қоғамдық кеңістік және 120-сы аулалар.

Сонымен қатар, биыл елорда аумағына 1 миллион жасыл желек отырғызылды. Оның 528 данасы қала ішіне, ал 456 591 данасы «жасыл белдеуге» егілді.

Бұдан басқа, көгалдандыру жұмыстары жүргізілмеген тұрғын үй кешендері анықталды. Жасыл желекті аумақтарды ұлғайту мақсатында дендрологиялық жоспарлар қайта қаралды.



## КҮШЕЙТІЛГЕН ТӘРТІПКЕ КӨШІРЛДІ

Қараша айының соңғы он күндігінде полиция қызметкерлері қызметтің күшейтілген нұсқасына ауыстырылды.

Саяжайларда, құрылыс объектілерінде, базарларда, шаруа қожалықтарда, жалдамалы пәтерлерде, шалғай жерлерде тексеру жүргізіледі.

Алкогольді ішімдік ішу, қоғамдық орындарда мас күйде жүру, белгіленбеген жерлерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық жасау, ортақ пайдалану орындарын ластау, тыныштықты бұзу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға жол беру сынды құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидаты

қолданылады.

Қорғау нұсқамасы шығарылған, мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған, ІІО есебіне алынған адамдар, маскүнемдер, нашақорлар, қолайсыз отбасылар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша рейдтер жүргізіледі.

Сонымен қатар жол жүрісі қозғалысы мәселесіне бақылау күшейтілді. Стихиялық қоқыс орындарын және олардың шығу көздерін анықтау бойынша шаралар қабылданып жатыр.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 502.17 \$ USD/KZT 462.79 ₪ RUB/KZT 5.2 ¥ CNY/KZT 63.96

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛДЫ?

Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздегі Конституциялық реформалардан кейінгі Президент сайлауында Мемлекет басшысы болып сайланып, жеңіске жеткеніне бір жыл толды.

Президент болып сайланған бір жыл ішінде Қазақстанда қандай өзгерістер болды? Үкімет Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауалды бағдарламасындағы қол жеткізілген нақты нәтижелерге шолу жасады.

ҚР Премьер-министрінің баспасөз қызметі Мемлекет басшысы осыдан бір жыл бұрын Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын ұсынғанын еске салды. Онда Мемлекет басшысы жаңа тарихи кезеңдегі республиканың негізгі даму бағыттарын белгілеп берді.

Құжатта экономика, әлеуметтік сала және өңірлік саясаттағы түбегейлі өзгерістер жөніндегі жоспарлар айқындалған.

«Жақында ғана Мемлекет басшысы «Ұлттық қор – балаларға» жобасын 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу үшін заңнамалық түзетулерге қол қойды. Оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейінгі барлық бала арасында бөлінетін болады. Бала қаражатты көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім алуға немесе баспана сатып алуға пайдалана алады. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көбейді. Осының арқасында әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда барлық сала бойынша жұмыс істейтін шамамен 1,8 млн жалдамалы қызметкердің табысы өсті» деп хабарлады үкіметтің баспасөз қызметі.

Бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы мен әлеуметтік төлем беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұзартылды. Осы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша шамамен 632 мың ата-ана 258 млрд теңгеден астам сомаға төлем алды.

Бұрын тауар түрінде берілген

атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар қатарынан 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет монетизацияланды. Биылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 6 млрд теңге сомасына 182 мың балаға қосымша төлем тағайындалды.

Түрлі инстанцияларға жүгінбей-ақ, проактивті форматта мемлекеттік қолдау көрсетуді қарастыратын Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) енгізілді. Мысалы, әлеуетті қызмет алушыға 1414 бірыңғай байланыс орталығынан SMS хабарлама жіберіледі. Хабарлама алған азамат оған келісімі туралы жауап беруі қажет. Өтінішті толтыру және жәрдемақыларды немесе төлемдерді тағайындау автоматты түрде жүзеге асырылады, осыдан кейін қаражат қызмет алушының банктік шотына аударылады.

Цифрлық карта мемлекеттік органдардың қолданыстағы барлық ақпараттық жүйесіндегі деректер негізінде қалыптасады. Бүгінгі таңда онда 6 млн-нан астам отбасы туралы мәлімет жинақталған.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу үшін заңнамалық түзетулерге қол қойды. Оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейінгі барлық бала арасында бөлінетін болады. Бала қаражатты көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім алуға немесе баспана сатып алуға пайдалана алады. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көбейді. Осының арқасында әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда барлық сала бойынша жұмыс істейтін шамамен 1,8 млн жалдамалы қызметкердің табысы өсті» деп хабарлады үкіметтің баспасөз қызметі.

Уақытша жұмыссыз қалған азаматтарды қолдау жүйесі, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша төленетін әлеуметтік төлемдер көлемін кірістің 45%-ына дейін ұлғайту арқылы күшейтілді. Оны 1 қарашадағы жағдай бойынша 37,8 млрд теңге сомасына 172,3 мың адам алды.

Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының қатарындағы, оның ішінде мүгедектері бар кәсіпкерлерге 9 мыңнан астам грант

(400 АЕК-ке дейін) берілді. Грант алу үшін business.enbek.kz порталы арқылы «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқуы қажет.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды.

Бұған қоса орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының жаңа қағидаттары бекітілді. Бұл шаралар тиісті мамандардың тиімділігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

ҚР Мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды, ол жастарды әртүрлі мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды кеңейту, жастар кәсіпкерлігін ынталандыру, жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және т.б. көздейді.

Биылғы 1 наурыздан бастап жас кәсіпкерлерге «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жылдық 2,5%-бен шағын несие беру көзделген. 7,4 мың өтінім қабылданды, 24,1 млрд теңге сомасына 5,3 мыңнан астам шағын несие мақұлданды.

Бұған қоса орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының жаңа қағидаттары бекітілді. Бұл шаралар тиісті мамандардың тиімділігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында психологиялық қолдау орталықтары құрылды. Бұдан бөлек, педагог-психолог қызметі цифрландырылды – бұл оларға консультациялық көмекке мұқтаж балалармен арнайы жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Аида ТАҚАБАЕВА

## ШҰҒЫЛ ТҮРДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР

Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Сайыров Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституциялық реформалардан кейінгі сайлауда президент болып сайланғанына бір жыл толуына орай Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасының көптеген аспектілері шұғыл түрде іс жүзіне асырылып жатқанын айтты.

Халықаралық турбуленттілікке байланысты, басқа көптеген елдерде экономикалық өсім баяулап, әлеуметтік деңгейі төмендеп отыр. Қазақстанда, керісінше көптеген әлеуметтік бағдарламалар іс-жүзіне асып жатыр. Экономикалық конъюнктураның нашарлауына қарамастан, біздің елдің ЖӨ-де әжептәуір өсім байқалуда.

2022 жылдан бастап бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шамамен 857 млрд теңге сомаға мүлктік активтер мен ақшалай қаражатты қайтару қамтамасыз етілді. Оның ішінде 159,8 млрд теңгесі шетелдік юрисдикциялардан түскен ақша қаражаты мемлекет бюджетіне түсті. Осылайша, Австриядан 36,8 млрд теңге, Лихтенштейннен 116,7 млрд теңге, Біріккен Араб Әмірліктерінен 6,3 млрд теңге, Түркиядан 253 млн теңге қайтарылды.

Жақында ғана Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» жобасын 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу үшін заңнамалық түзетулерге қол қойылды. Оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейінгі барлық бала арасында бөлінетін болады. Бала қаражатты көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім алуға немесе баспана сатып алуға пайдалана алады.

2024 жылы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көбейді. Осының арқасында әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда барлық сала бойынша жұмыс істейтін шамамен 1,8 млн жалдамалы қызметкердің табысы өседі.

Бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы мен әлеуметтік төлем беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұзартылды. Осы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша шамамен 632 мың ата-ана 258 млрд теңгеден астам сомаға төлем алды.

Бұрын тауар түрінде берілген атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар қатарынан 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет монетизацияланды. Биылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 6 млрд теңге сомасына 182 мың балаға қосымша төлем тағайындалды.

Түрлі инстанцияларға жүгінбей-ақ, проактивті форматта мемлекеттік қолдау көрсетуді қарастыратын Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) енгізілді. Мысалы, әлеуетті қызмет алушыға 1414 бірыңғай байланыс орталығынан SMS хабарлама жіберіледі. Хабарлама алған азамат оған келісімі

туралы жауап беруі қажет. Өтінішті толтыру және жәрдемақыларды немесе төлемдерді тағайындау автоматты түрде жүзеге асырылады, осыдан кейін қаражат қызмет алушының банктік шотына аударылады.

Цифрлық карта мемлекеттік органдардың қолданыстағы барлық ақпараттық жүйесіндегі деректер негізінде қалыптасады. Бүгінгі таңда онда 6 млн-нан астам отбасы туралы мәлімет жинақталған.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу үшін заңнамалық түзетулерге қол қойылды. Оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейінгі барлық бала арасында бөлінетін болады. Бала қаражатты көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім алуға немесе баспана сатып алуға пайдалана алады. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көбейді. Осының арқасында әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда барлық сала бойынша жұмыс істейтін шамамен 1,8 млн жалдамалы қызметкердің табысы өседі.

Уақытша жұмыссыз қалған азаматтарды қолдау жүйесі, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша төленетін әлеуметтік төлемдер көлемін кірістің 45%-ына дейін ұлғайту арқылы күшейтілді. Оны 1 қарашадағы жағдай бойынша 37,8 млрд теңге сомасына 172,3 мың адам алды. Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының қатарындағы, оның ішінде мүгедектері бар кәсіпкерлерге 9 мыңнан астам грант (400 АЕК-ке дейін) берілді.

Грант алу үшін business.enbek.kz порталы арқылы «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқуы қажет. І топтағы мүгедектері бар адамдарға күтім жасайтын отбасы мүшелеріне жеке көмекші ретінде еңбекақысын төлеу және жұмыс уақытын еңбек өтіліне қосып тіркеу мүмкіндігі енгізілді.

ҚР азаматтарының мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ішкі еңбек нарығын қорғау шараларын күшейту шеңберінде 2023 жылы шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы өткен жылмен салыстырғанда 21,5%-ға қысқартылды.

Биылғы 1 наурыздан бастап жас кәсіпкерлерге «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жылдық 2,5%-бен шағын несие беру көзделгенін атап өтті. Оның дерегіне, 7,4 мың өтінім қабылданды, 24,1 млрд теңге сомасына 5,3 мыңнан астам шағын несие мақұлданды.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**АҚШ-тың Нью-Йоркінде алғаш рет әуе таксиі ұшты.**

Бұл арқылы жолаушыларға арналған электрлі көлікті көпшілікке таныстыру мақсат етілген. «Джоби Авиэйшн» компаниясы жасаған әуе таксиі электр қуатымен жұмыс істейді. Көлік Нью-Йорктің Манхэттен ауданы орталығындағы тікұшақ алаңынан көкке көтерілді. Бұл – оның сынақ ретінде қала ішінде алғаш рет ұшуы. Ұшқыш пен 4 жолаушы сыятын әуе таксиі сағатына 200 миль жылдамдықпен ұшады.



**Биыл қараша айында Жапониядағы атақты Хатико итінің 100 жасқа толғаны аталып өтті.**

Акита префектурасындағы Оdate қаласында тұрғындар иттің құрметіне шаралар өткізді. Хатико 1923 жылы дүниеге келген. Ит қожайыны – Токио университетінің профессоры оны Сибуя станциясында жұмысына бара жатқан кезде тауып алған. Күн сайын ит иесін жұмысқа шығарып салып, күтетін болған. Алайда профессор университетте күтпеген жерден қайтыс болады. Ал ит 10 жыл бойы станстан иесінің оралуын күтеді.



**Еурокомиссия басшысы Мысыр мен Газа секторы шекарасындағы «Рафах» бақылап-өткізу бекетіне барды.**

Қарулы қақтығыс жүріп жатқан аймаққа гуманитарлық көмек осы өткел арқылы жеткізіледі. Урсула фон дер Ляйен Каирде президент Әбдел Фаттах Ас-Сисимен кездесіп, олар Газа секторындағы гуманитарлық жағдайды талқылады. Енді Еурокомиссия басшысы Амманға барып, Иордания королімен жүздесек.



## КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен «Атамекен» ҰКП төралқасының төрағасы Райымбек Баталов бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесіп, ортақ мәселелерді талқылады.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

«Ашық микрофон» форматында өткен басқосуға құқық қорғау және қаржы институттарының басшылары да қатысты. Бас шаһардың басшысы Жеңіс Қасымбек:

– Бүгінде елордада іргелі істер атқарылуға кәсіпкерлер айтарлықтай үлес қосуда. Астана қаласының экономикасында кәсіпкерлік саласының үлесі 73 пайызды құрайды. Қазір ел орталығында 209 мыңнан астам кәсіпкерлік субъект жұмыс істейді. Қала тұрғындары олардың қызметін күн сайын түрлі салаларда пайдаланады. Бизнес 460 мың адамды жұмыспен қамтып отыр, сондықтан кәсіпкерлерге көмек көрсету және тиісті жағдай жасап келеміз, – деді.

Кәсіпкерлердің мүддесін қорғауға жауапты палатаның төрағасы Райымбек Баталовтың сөзінше, диалог алаңында кәсіпкерлер өзін мәселесін ортаға салып, оң шешілуіне қол жеткізіп жүр.

Әкім мен бизнесмендер арасындағы кездесу ашық диалог құратын платформаға айналып, көтерілген мәселелер кезек-кезеңімен шешіліп келеді. Мәселен, 30 наурызда өткен кездесуде 55 сұрақ көтерілсе, соның 50-і өз шешімін тапты. Қалған 3 сұрақ бойынша жұмыс жүргізіліп жатса, мемлекеттік сатып алудағы кедергіге байланысты екі сұрақтың нақты шешімі болмай тұр. Бұл туралы Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Бейсен Жолболдиев айтты.

Бизнесі ілгерілетудің тұрақты

көзін тауып, жеке инвестицияны ынталандыру арқылы экономиканы әртарапандыруға болады. Озық елдердің тәжірибесінен осындай үлгіні көруге болады. Әсіресе бизнесмендер елі саналатын Жапония мен АҚШ-та бизнесті қолдайтын палаталар құрылып, әрдайым кәсіпкерлердің ісі жаңдануға мән беріп келеді. Бұл бағытта Астана қаласы елдің өзге өңірлеріне үлгі бола алады. Еркін форматтағы кездесуде кәсіпкерлер өзін толғандыратын сұрақты қойып, нақты жауабын алады. Алғашқы сұрақты Қазпотребсоюз жоғарғы колледжінің директоры Мырзабек Күжімов қойды. Оның айтуынша, қазір кәсіби маман қалыптастыруда дуалды оқыту бағдарламасы маңызды. Сапалы білім беруде теорияны өндіріспен ұштастыра оқытатын технологияның аты жақсы болғанымен, бірнеше жылдан бері өз деңгейінде қаржыландырылмай келеді.

Бұл сұраққа Оқу-ағарту министрлігінің өкілі тиісті құжатқа өзгерістер енгізілгенін, бұйрықты Қаржы министрлігі қолдаған жағдайда, көтерілген мәселе шешімін табатынын атады.

Одан кейін Мәжіліс депутаты Нұржас Күспеков сөз алып, әлеуметтік нысандар: мектеп пен балабақша ісіне жауапты мемлекеттік органдардан жұмыс тобын құрып, білім саласын дамытуда бірыңғай стратегия әзірлеуді ұсынды.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек елордада әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың маңызды екенін айтып, Президенттің тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп»

ұлттық жобасы аясында жыл аяғына дейін 10 мектептің есігі ашылады.

– Шын мәнінде, Астана қаласында жыл сайын бала туу және ішкі миграция есебімен 600 мың адамға көбеюде. Осыдан 7-8 жыл бұрын 20-22 сәби дүниеге келсе, қазір 33-35 мың бала туады. Бұл дегеніңіз, мектеп пен балабақша мәселесін тездетіп шешу керектігін көрсетеді. Ұлттық жоба аясында салынатын 25 мектеп 45 мыңға жуық оқушыны қабылдайды. Келесі жылдан бастап бюджет және кәсіпкерлер қолдауымен балабақша құрылысын жүргізуді бастаймыз, – деп жауап берді қала басшысы.

Келесі сұрақтың да мән-маңызы ауқымды болды-ау, қала әкімі көсіле сөйледі. Сұрақты Қазақстан құрылысшылары қауымдастығының төрағасы Виктор Микрюков қойды. Ол жарық жылу сыйды инфрақұрылымды бөлуде ашықтық жетіспейтінін айтты.

– Елордада әлеуметтік нысандарға қарағанда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жыл басында жұмыс тобы қала аумағында рұқсат құжаттары жоқ 76 нысан анықталып, жұмысы тоқтатылды. Біз салымшылардың мүддесі үшін 20 құрылыс жүргізуіне қажетті рұқсат құжатын бердік. Бірақ бұлай жалғаса беруге болмайды. Енді құрылыс компаниялары ірі-ірі тұрғын үй кешенін сала ма, онда қасына мектеп немесе емхананы қоса салуды міндеттейміз, – деді Жеңіс Қасымбек.

Жалпы кездесуде қолына микрофон алып, сұрақ қоюға ниетті кәсіпкер көп болды. «Medhouse Kazakhstan» ЖШС директоры Самат Исабаев, «Good Project» компаниясының басшысы Гурген Басенян, «Центр развития городского туризма» Татьяна Верницкой және тағы басқа 30-ға жуық адам сұрақ қойып, тиісті жауабын алды.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Денсаулық сақтау министрлігі мен Астана қаласы қоғамдық кеңестерінің елордадағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру мәселелері бойынша бірлескен жұмыс тақырыбында диалог алаңы өтті.

Кеңес отырысында қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы Зулфухар Ғайыпов, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова және мәслихат депутаттары мен бас дәрігерлер қатысты.

«Бүгінгі отырыста елордадағы медицина саласының жай-күйі, негізгі проблемалары мен қаржыландыру көзі бойынша мәселелер талқыланады. Білім, денсаулық және қауіпсіздік салалары өміріміздегі ең басты және қажетті салалардың бірі екені белгілі. Барлығымыз денсаулығымыз маза-ласа, дәрігер көмегіне жүгінеміз. Ал медицина саласының дамуы үшін қаржыландыру көзі керек. Азаматтарға тұрақты және сапалы медициналық көмек көрсету өте маңызды. Бүгінгі отырыста елордадағы денсаулық саласының мәселесі жан-жақты талқыланып, әрі қарай мәселені шешу жолы бойынша жұмыс жүргізіледі, – деді З.Ғайыпов.

Отырыс барысында Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова өз баяндамасын ұсынды.

«Бүгінгі таңда қаладағы емханалар бір ауысымда 1000 адамға қызмет көрсетеді. Ал жоспар бойынша бір ауысымға қуаты 500 адамға жоспарланған. Емханалардағы кезектің ұзақтығы мен орындардың жетіспеуінен тұрғындар тарапынан шағым бар. Осы мақсатта қалада медициналық нысандар салу жоспарланып отыр. Олардың бірқатарында жұмыс басталып кетті. Шын мәнінде, бүгінгі күні барлық медициналық ұйымдарда көрсетілген медициналық қызметтер үшін төлем тек жалақы мен салықтарға ғана жетеді. Ал нысанда ағымдағы жөндеу жүргізуге қаражат жетпей жатады. Медициналық ұйымдарды жыл сайын жеткіліксіз қаржыландыру кредиториялық берешектің пайда болуына әкеледі» деді басқарма басшысы.

Отырыс барысында елордалық емдеу мекемелерінің бірнеше бас дәрігерлер де өз баяндамаларын ұсынып, мәселені шешу жолына қатысты пікір білдірді. Сондай-ақ медициналық ұйымдарды қаржыландыру мәселесін шешу бойынша ұсыныс әзірленді.

## ТЕГІН АВТОТҰРАҚ БОЛАДЫ

Елордада ақылы автотұрақтар орналасқан орындар қайта қаралады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек айтты.



«Келер айда біз автотұрақтардың орындарын қайта қарастырамыз. Әлеуметтік нысандардың маңында, яғни ауруханалар, мектептер аймағындағы орындарда тегін автотұрақ болады. Бірақ, негізгі ақылы автотұрақтар қала орталығындағы көлік қозғалысын реттеудің негізгі тетіктерінің бірі екенін түсінуіміз керек. Ақылы автотұрақтар барлық ірі қалаларда, орталықта, көлік қозғалысында проблемалары

бар жерлерде жасақталған» деді Ж.Қасымбек қала кәсіпкерлерімен кездесу барысында.

«Локация мен жұмыс уақытының өзгеруін, тариф мәселелерін ескере отырып, біз келер жылы көліктердің жүру бағыты бойынша түбегейлі өзгерісті жоспарлаймыз. Орталықтағы бірқатар көшеде біржақты қозғалыс болады. Бұған қазірден бастап дайындалып жатырмыз, қоғамдық тыңдаулар болады» деді қала әкімі.

## БАҒЫТ ҚАЙТА АШЫЛАДЫ

Желтоқсан айынан бастап Астана мен Өскемен қаласынан Ресейдің Новосибирск қаласына рейстер қайта ашылады.




Мәскеу қаласында өткен көлік апталығы шеңберінде Көлік министрі Марат Қарабаев ресейлік әріптесі Виталий Савельевпен кездесуінің қорытындысы бойынша Qazaq Air әуе көліктерінің Новосибирск қаласына қайта ұша бастауы туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Осылайша желтоқсан айынан бастап аталған әуе компаниясы Астана – Новосибирск бағыты бойынша рейстерді аптасына 5 рейске дейін және Өскемен – Новосибирск бағыты бойынша аптасына 2 рейс жиілікпен орындалатыны жоспарланды.



Сеул үкіметі туристік ақпарат орталықтарында 11 тілде жедел аударма қызметі бар интерактивті экрандар орнатады.

Соның арқасында туристер өзіне ыңғайлы тілде сөйлей отырып, көмек ала алады. Бұл қызмет жасанды интеллект, сөйлеуді мәтінге цифрлық түрлендіру технологиясына негізделген аударма механизмін пайдаланады және аударылған мәтінді экранда көрсетеді. Қызмет орыс, ағылшын, жеңілдетілген қытай, жапон, тай, вьетнам, малай, индонезия, араб, испан және француз тілдерінде қолжетімді болады.



АҚШ-та тұратын әйел денесіне 52 технологиялық имплантат орнату арқылы рекордтар кітабына енді.

48 жастағы Анастасия Син өзін «киборг» деп санайды. Ол бұл идеяға қызының арқасында қызығушылық танытқанын айтты. Денесіне салынған чиптердің көмегімен әйел компьютерді қосып, оның кодын аша алады. Ол қабырғаның артындағы электр сымдарын да сезе алады, тіпті имплантаттарын пайдаланып телефон соға алады. Анастасия денесіне имплантаттарды өзі салғанын, кейбіріне медицина көмегін алғанын айтты.

Қала құрылысының басты құжаты – Бас жоспар. Ол адамның алаңсыз әрі жайлы, бақуатты өмір сүруін қамтамасыз ететін экологиялық талаптарды ескеріп, аумақтың ресурстық мүмкіндігіне сәйкестендірілген жайлы тіршілікке қажетті сұраныстарын өтейді.

**А**ғымдағы жылы Астанада қала құрылысының жобалары әзірленіп, елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және құрылыс жобаларын келісу және бекіту ережелері жетілдірілген болатын. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығына сәйкес, ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 21342 болып тіркелді.

Әдетте Бас жоспарды жасау кезінде қалаларды немесе басқа елді мекендерді дамытуды және салуды кешенді жоспарлау қарастырылады. Бас жоспарда аймақтарға бөлу, жоспарлау құрылымы, аумақтардың функционалдық ұйымдастырылуы, көлік және инженерлік инфрақұрылымдар жүйесі, көгалдандыру және абаттандыру орындары белгіленеді. Бұдан әрі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілері аумақтардың жекелеген бөліктері мен функционалдық аймақтар үшін әзірленетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары келісіледі.

Бұған дейін қабылданған Бас жоспар бойынша жер учаскесінде «көппәтерлі тұрғын үй» жобасы қарастырылған, бірақ бұрын бекітілген 10-28 қабатқа үй салу өзектілігін жоғалтқан. Өйткені учаскок ұзақ уақыт игерілмей жатқанда аудандағы өзге құрылыстар аяқталып белгілі бір сәулеттік келбеті қалыптасып қойған. Демек егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы қайта қаралуы қажет. Ал 1 тамыздан бастап Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңына егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын қайта бекіту бойын-



## БАС ЖОСПАР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

ша барлық рәсімдерден өтуге көмектесетін іс-шараларды өткізу регламенті жетілдіріліп, толықтырылды. Мәселен, Астана қаласында тамыз айынан бастап тұрақты негізде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын қайта қарау немесе жаңаларын қарауға енгізу бойынша қоғамдық талқылаулар өтуде. Бұл қағидалар Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық субъектілердің қолдануы үшін міндетті болып табылады және жобаларды кешенді сараптамадан өткізбес бұрын мүдделі жұртшылық, яғни тұрғындар қарауы тиіс.

Ережеде өткізу регламенті және құжаттаманы ұсынуға қойылатын талаптар бар, сондай-ақ қоғамдық талқылауларға қатысқан жұртшылық Хаттамаға қосымша ақпарат немесе жер учаскелерінің меншік иелері мен жобалардың инвесторлары тарапынан анықтамалар беру және қосу туралы сөз сөйлеуге және мәселелерді көтеруге құқылы. Аталмыш Ережеге өтінім, өтінімге жауап, оны жүргізуге және толтыруға қойылатын талаптары бар қоғамдық талқылау хаттамасы сияқты міндетті құжаттармен толықтырылды.

Қалалық аумақтардың ЕЖЖ

жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен, басқа ұйымдармен қоғамдық талқылаудан кейін Заңның 25-бабына сәйкес кешенді қала құрылысы сараптамасына жолдамамен келісіледі.

Аумақты салу, кеңейту, функционалдық мақсатын өзгерту, тұрғын және тұрғын емес аумақтар санының өзгеруі туралы шешімдер қабылдау, жобалардың, абаттандырудың толық өзгеруі қоғамдық талқылау арқылы қаралады. Сонымен қатар барлық аумақтар қызыл сызықтар немесе жер учаскелерінің шекарасында қаралуы тиіс. Сондай-ақ жобаларда халықтың мобильділігі төмен топтарын объектілерге кедергісіз қол жеткізу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа объектілерді салу кезінде қайта жанданатын энергия көздері және энергия үнемдейтін технологияларды қолдану мәселелері қаралуы мүмкін.

Талқылау барысында жұртшылық жобаның құрамымен, демонстрациялық материалдармен, сараптама нәтижелерімен, аумақты абаттандыру эскиздерімен, қала құрылысында ғимараттарды бөлу жоспарымен,

магистральдар мен жағалаулар бойынша ұсыныстармен, құрылыс сызбаларының фрагменттерімен, қасбеттердің түсті шешімдерімен және т.б. танысуға құқығы бар. Олардың тарапынан қабылданған тұжырымдық шешімдер қаланың Бас жоспарына қайшы келмесе, сәулеттік көріністі бұзбаса талқылаудан кейін мұқият сараланып, қосымша келісімнен өтеді.

Қоғамдық талқылаулар жөніндегі ақпаратты жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет-ресурстарында орналастыру үшін жер учаскелері иелерінен басқармаға бекітілген нысанға сәйкес жіберілген өтініштер бойынша «қоғамдық талқылаулар» туралы жаңалық жарияланады. Кейде қала тұрғындары өз идеяларын, тілектерін өздері тұратын аумақтар бойынша қарастырығысы келеді және мұнда бастамашы болуға құқығы бар адамның заңды қыр-сырын түсіну маңызды.

Ережеге сәйкес қоғамдық талқылаулар екі жағдайда ашық жиналыс арқылы өткізіледі:

- 1) ЕЖЖ және/немесе құрылыс салу жобасын әзірлеу туралы шешім қабылдауда;
- 2) ЕЖЖ-ға және құрылыс



Қоғамдық талқылаулар жөніндегі ақпаратты жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет-ресурстарында орналастыру үшін жер учаскелері иелерінен басқармаға бекітілген нысанға сәйкес жіберілген өтініштер бойынша «қоғамдық талқылаулар» туралы жаңалық жарияланады. Кейде қала тұрғындары өз идеяларын, тілектерін өздері тұратын аумақтар бойынша қарастырығысы келеді және мұнда бастамашы болуға құқығы бар адамның заңды қыр-сырын түсіну маңызды

салу жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдауда.

Қоғамдық талқылаулар жүргізу үшін жер иесі Ережеге сәйкес жергілікті атқару органдарына жаңа құрылыс салу үшін ЕЖЖ және/немесе құрылыс салу жобасын немесе қолданыстағы ЖЖЕ және/немесе құрылыс салу жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысты қоса бере отырып, қоғамдық талқылаулар жүргізуге хат жолдайды.

Басқарма күнтізбелік он күн ішінде өтініш берушіге Қағидаларға сәйкес нысан бойынша жауап жібереді және ақпаратты өзінің интернет-ресурстарына орналастырады. Қоғамдық талқылауларды өткізу үшін жергілікті атқарушы органдар жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді жерлерде еркін мәтінде жазылған, жобаның атауы, қоғамдық талқылауларды өткізу күні, орны мен уақыты, ескертулер мен ұсыныстарды жіберу үшін пошталық және электрондық мекенжайлары көрсетілген хабарландыруды таратуды ұйымдастырады. Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық талқылауларды бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық талқылауларды өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен ерте өткізілмейді.

Кез келген заңды және жеке тұлғаларға қатысуға рұқсат етіледі. Өткізілген күні талқылауларды хатшы тіркейді, аудио және бейне тіркеу кезінде жобаға қатысушылар, жұртшылық, мемлекеттік органдар ұсынылған материалдармен танысады, сұрақтар қояды және өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізеді. Хаттаманы жүргізу кезінде талқылау барысында келіп түскен мәселелер, ескертулер, ұсыныстар енгізілетін салыстырмалы кесте көзделген, жоба бастамашылары әрбір сұрау және жабуға тиіс және бұл хаттамада да атап өтіледі.

Қоғамдық талқылау барысында жобаға қатысы жоқ мәселелер келіп түсетін кездер болады. Бұл мәселелер қоғамдық талқылауларды өткізу қағидаларына сәйкес назарға алынбайды.

Қоғамдық талқылауларды жүргізу нәтижелері бойынша хаттама ресімделеді, оған төраға мен хатшы қол қояды және «Қоғамдық талқылаулар» айдарындағы ресми интернет-ресурста орналастырылады.

Қоғамдық талқылаулар тіркеу және оларға кемінде он жеке және заңды тұлға қатысқан кезде өткізіледі.

## КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Ауа райының қолайсыздығына байланысты қаланың коммуналдық қызметтері аудан әкімдіктерімен бірлесіп күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.



Елордада ұйытқып соққан қатты жел құрылыстарға зиян келтіріп, ағаштарды құлатып, белгілерді жұлып әкетті. Екпіні 15-20 м/с болатын оңтүстік-батыс желінің күшеюі, кей тұстарда 23 м/с болды. Бүгінде апаттың салдарын жою және қалпына келтіру жұмысын жүргізіп жатыр.

Боран соққан күні астанада 10 өрт оқиғасы, 12 авариялық-құтқару жұмысы тіркелді.

Алматы ауданында сол күні 8 жол белгісі, 1 жарықтандыру бағанасы, 5 шам, қоршау және т.б. бүлінсе, Байқоңыр ауданында ауа райының қолайсыздығы кезінде 7 автобус



аялдмасы опырылып, 6 қоршау зақымдалды. 6 ағаш құлады. Ал Сарыарқа ауданында екі қабатты үйдің шатыры бұзылып, «Школьная» мекемесінің электр энергиясы үзілді. Астана-АЭК арқылы электрмен жабдықтау толығымен қалпына келтірілді.

«MEGA Silk Way» сауда орталығының негізгі кіреберісінің жанындағы көшеде қатты жел-

ден жарнамалық баннер жұлынып, әйел адамның үстіне түсті. Ол №2 ауруханаға жеткізілді. Дәрігерлер тексергеннен кейін үйіне жіберілді, жағдайы жақсы.

Нұра ауданында «Evolution» ТК, «Техникум» ТК құрылыс алаңдарында, Сығанақ-Әнет

баба көшелерінің қиылысында, Қабанбай батыр даңғылы, 29/4, Қорғалжын тас жолы, 20Б, Омаров көшесі, 21/1 және Тұран даңғылы, 57/1 мекенжайларында қоршауларды қалпына келтіру жұмысы жүргізіліп жатыр.



2021 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жасөспірімдерге қосымша білім беру үшін мемлекеттік тапсырыс институты енгізілді. Яғни мектеп жасындағы балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін қосымша білім беру орталықтары, мәдени үйірмелер, спорттық секциялар жұмысы жанданды. Бұл бастаманы алғашқы кезде ArtSport платформасы жүзеге асырды. Кейін Damubala жүйесі іске қосылды.

## ARTSPORT ЖОБАСЫ ТИІМДІ МЕ?

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

### БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛСА

Бүгінде елордалық оқушылар шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларына тегін барып, өзінің шығармашылық және спорттық қабілетін дамытып келеді. Бұл – құптарлық жоба, қуанатын жағдай. Алайда орталықтың барлығы игілікті бастаманың шарапатын көріп жүр ме? Екі жыл бұрын құрылған «Заңғар» орталығының басшысы осындай мәселені көтерді. Оның сөзінше, ваучер алуға алауашылық бар, себебі қанша рет электронды өтінім жібергенімен ваучер ала алмапты.

Оқырманның пікірін негізге алып, қалалық Мәдениет басқармасы мен Дене шынықтыру және спорт басқармасына хабарластық.

Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Камзин: – 2023 жылғы қаржыландыру 4,2 миллиард теңгені құрады. Елордада 45 түр бойынша 516 үйірме жұмыс істейді. Өтінім беруші саны – 241. 2023 жылы қосымша ваучер берілген жоқ. Соған байланысты орталық басшылары бізге хабарласты. Бүгінде мемлекеттік шығармашылық тапсырыс бойынша қосымша ваучер беру, кезекке тұруды ашу бойынша жұмыс

жүргізілуде. Қосымша ваучер берілген жағдайда, ақпарат құралдарында жарияланады, – деп жауап берді. Қыркүйек айында 13 мың бала шығармашылық үйірмемен қамтылды. Онда 529 педагог жұмыс істейді екен.

Дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық спорт бөлімінің басшысы Азамат Ағзамов: – 2023 жылы 4,3 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаржы спорттың 25 түрі бойынша 575 спорт секциясы жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Белсенді ваучер саны – 20 мың. Өтінім беруші саны – 216. 19 сәуірде басқарма баға ұсынысын сұрату тәсілімен сатып алуды жариялап, оны «QazTiQet» ЖШС (платформа – damubala.kz) жеңімпаз атанды. Осыған сай мемлекеттік спорттық тапсырыс damubala.kz ақпараттық жүйесі арқылы іске асуда. Биыл қаржы тапшылығына байланысты ваучер берілген жоқ. Қосымша бюджеттік өтінім бердік, – деді.

Сөзсіз, бұл бағдарламаның балалар үшін пайдасы көп. Әсіресе қалалық жерде тұратын өспірімдер шығармашылық потенциалын, спорттық қабілетін шыңдауда таптырмайды. Бірақ бағдарлама басынан қара бұлт арылмай тұр. Соңғы кездері балалардың игілігі үшін жасалып жатқан шаруаның жергілікті әкімдік тарапынан дұрыс ұйымдастырылмау фактісі мен бюджет

қаржысына қол сұғудың түрлі әдіс-айласы тіркелді.

### ҚАТЕЛІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

Өткен жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «ArtSport жұмысына қатысты қателік болды. Қаржыны артық жұмсау, алаяқтық, ашықтан-ашық жылқыру басталды. Ата-аналар баласын бірден бірнеше үйірге берді. Өкінішке қарай, мұндай теріс пиғыл басқа балалардың жолын кесті. Кемшілікті түзетіп, игі бастаманы жалғастыру керек» деп ескертті.

Астана қаласының тексеру комиссия төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев төрағалығымен өткен жиында бағдарламаның кем-кетігі ашылды. Комиссия мүшесі Ардақ Тоқбергенов сөзінше, 2021 жылдың қаңтарынан 2022 жылғы қыркүйекке дейін қамтыған Мемлекеттік аудит кезінде Мәдениет басқармасы мен Дене шынықтыру және спорт басқармасының жұмысы тексерілді.

– Аудит барысында бірқатар құқық бұзушылық анықталды. Мәселен, Мәдениет басқармасы 4 миллиард 843 миллион теңгенің, Спорт басқармасы бойынша 5 миллиард 896 миллион теңгенің бюджеттік өтінімінде ақпарат дұрыс көрсетілмеді. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру жоспарланған үйірме

түрлері бойынша нақтылық және үйірмелердің қажеттілігі бойынша есеп жоқ және 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалардың қамтылу жалпы саны белгісіз. Өтінімді қарау мерзімін бұзудың 348 жағдайы белгілі болды. Оның ішінде, 141-і шығармашылық, 207-сі спорттық тапсырысқа жатады. 2023 жылдың қаңтар-наурыз айында ақпараттық жүйенің жұмысы қолжетімсіз болып, балалар тегін секцияға қатыса алмады, – деп бірқатар мәселені атады Ардақ Тоқбергенов.

Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шарада анықтағаны кемшіліктің бергі жағы қана. Бір балаға екі ваучер бергені анықталды. Екі басқармада мұндай фактінің саны – 1132. Мұның зиян-залалы көп. Мәселен, бюджет қаражатын мақсатты жұмсауда қиындық туғызады. Елордалық оқушыларға ғана берілуі тиіс ваучерлерді Ақмола облысының іргелес аудандарындағы балаларға бергені тіркелді. Оншақты емес, 10 мың ваучер берілгені белгілі болды. Мұның бюджетке шығыны 2 миллиард 951 миллион теңгені құрады.

Астана қаласы мәсихатының төрағасы Ерлан Каналимов кезекті жиында ArtSport жобасы аясында қосымша білім алатын балаларға толық талдау керек екенін айтып, Цифрландыру басқармасы осы бағытта талдау жүргізіп жатқанын сөз етті. Демек тексеру комиссия

анықтаған қателіктерді ресми орган талдап, жұмысты жүйелі түсуде серпін береді.

### БОЛАШАҒЫ БАР МА?

Балаларға қосымша білім беретін мемлекеттік тапсырыс институты – ұтымды жоба. Тек ұйымдастыру жұмысында басшылардың жанашырлық көзқарасы жетіспей жатқанын мойындау керек. Болмаса, бір өңірдің ваучерін басқа аймаққа үлестіруді қалай түсінуге болады. Дегенмен баласын тегін үйірге берген ата-аналар қуанышты.

– Үш баланың анасымын. Үшеуі де мектеп жасында. Оларды қосымша білім алатын орталықтар мен шығармашылық үйірмелерге ақылыға беретін болсам, ай сайын 150 мың теңге шығындар едім. Қазір damubala-мен ұлымды футболға, қыздарымды шахмат пен биге беремін. Сөйтіп, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік алдык. Балаларым өз қабілетін шыңдап, қалалық турнирлерге қатыса бастады, – дейді қала тұрғыны Перизат Әубәкірова. Бұл бағдарламаның әлеумет-

тік-экономикалық тұрғыда да пайдасы көп. Біріншіден, бұқаралық спорттың дамуына әсер етіп, жасөспірімдер арасында түрлі деңгейдегі турнирлер қозғалысы қалыптасады.

Екіншіден, білікті бапкерлер қосымша жұмыс істеуіне жол ашылып, жаттықтырушылардың басқа салаларға кетуі әлдеқайда азаяды.

Үшіншіден, жаңадан спорттық клубтар ашылып, спорт психологы мен дәрігерлері спортшылардың рухын көтеруге көмегі тиеді.

Төртіншіден, спорт жабдықтауы (тренажер, инвентарь) мен құралдарға (доп, коньки, қолғап, кимоно), арнайы киімдерге сұраныс артады.

Бесіншіден, спорттық керек-жарақ – медаль, белдік, кубокка нарықта сұраныс артып, спорттық тамақтану – ақуыз, гейнер, витаминді уақытылы, тиімді ішу мәдениеті қалыптасуына әсер етеді.

Бағдарламаның мәдени-рухани бағыттағы әлеуметтік-экономикалық перспективасын дәл осылай талдауға болады. Яғни бұқаралық спорт пен шығармашылық орталықтардың жұмысын дамытып, жастардың білім-білігін шыңдап, бәсекеге қабілетті ұлт болуға бұл бағдарламаның септігі көп.

**P.S:** *Айтқанға бәрі жақсы, бәрі әдемі. Бірақ біздің ашкөздігіміз игілікті істерді баянды етуге кедергі келтіріп тұр. Жосықсыз жеткізушілермен жүйелі түрде жұмыс істеп, жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, бағдарламаның елдің өсіп-өркендеуіне қосар үлесі көп.*

## ТӘЖІРИБЕ СӘТСІЗДІККЕ ҰШЫРАДЫ

2019 жылдан бастап еліміздегі Ұлттық бірыңғай тестілеу және педагог қызметкерлерінің біліктілігін тестілеу «Тест жүйелерін жетілдіру» деген желеумен U-STUDY секілді жеке компанияларға келісімшарт арқылы берілген. Бәлкім, бұл келісімнің ар жағында шынымен жақсы ниет болған шығар. Алайда бүгін біз бұл тәжірибенің өте сәтсіз болғанын көріп отырмыз.

Ол сәтсіздіктің салдарын тағы да қарапайым халық тартып отыр. Дәлірек айтсақ, келісім жасалғаннан бері ҰБТ-ның бағасы 2 240 теңгеден 5 640 теңгеге, яғни 2 есеге өсті. Бұл – біріншіден. Келесі, өңірлерде 114 ҰБТ өткізу пункті жабылып, тест тапсырушыларға қосымша жол мен жатын орын шығынын алып келді. Мысалы, тест тапсыру – ауыл тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік пен қуаныш. Олар баласын қолдап, барын салып орталыққа баруға мәжбүр. Өйткені тестілеу пункттері аяқ жетер жерлерден алыстап кетті. Онсыз да табысынан шығыны көп халыққа, бұл тағы бір салмақ болып отыр.

Бұл мәселенің бір ұшы ғана енді сол компаниялардың мемлекетке келтірген зиянына тоқталайық.

Біріншіден, 2019 жылы Ұлттық тестілеу орталығының шотынан 46 млн теңгеден

аса қаражат U-FUTURE компаниясына бағдарламаны қамтамасыз ету үшін тікелей бір көзден берілген. Бірақ біздегі ақпарат бойынша қаражатқа сай бағдарламалық қызмет көрсетілмеген.

Екіншіден, 15 жыл бойы сараптамадан өткен мыңдаған оқытушының еңбегімен келген, жүздеген млн теңге тұратын Ұлттық тестілеу орталығына тиесілі 21 мыңға жуық тест сұрағы мен тапсырмасы өтеусіз негізде U-FUTURE ұйымына тегін берілген. Аталған компания осы тест тапсырмаларын пайдалана отырып, педагогтар үшін ақылы негізде сынақ тестілеуін өткізіп отыр. Мұны U-FUTURE ЖШС-нің өңірлік тестілеу орталықтарындағы педагогтардың сынақ тестілері бойынша оңай тексеруге болады.

Үшіншіден, тест сұрақтары мен тапсырмаларының қауіпсіздігі, яғни құпиялылығы сақталмай отыр. Оған да негіз жоқ емес.

Бізге түскен өтініштер мен ақпараттар бойынша, кейбір өңірлерде 3 млн теңгеге дейін пара алып, серіктестік өкілдері талапкерлерге жоғары балл жинауға көмектеседі екен. Үкіметтегі шенеуніктер осының барлығын көріп біле тұра неге нақты әрекет жасайды? Белгілі бір топтың қалтасын халық толтырып, уәкілетті органдар олардың зиянды істеріне жол ашып отырғанын хабардарсыздар ма? «ҰБТ» деген – Ұлттық бірыңғай тестілеу ме, әлде Ұлттың болашағын тоздыру ма?

Осы байланысты Үкіметтен барлық тестілеу жұмысын Ұлттық тестілеу орталығына тез арада қайта беруді қарастырып, мемлекеттік мекемелер көрсете алатын қызметтерге көлденең көкәтталардың араласуына тыйым салуды талап етемін.

Ринат ЗАЙЫТОВ,  
Парламент Мәжілісінің депутаты

# ҚОҒЫС ПЕН ҚАЛДЫҚ ТҮЙТКІЛІ

Астана қаласының тұрғындары Әмір Сұлтанов пен Әлия Әлімованың үйлерінде бір ерекше тәртіп бар. Асүйде тамақ қалдықтары мен қоқыс салатын шелектер бөлек-бөлек қойылған. Отбасының әр мүшесі қағаз қиындысын бір ыдысқа, босаған пластикалық заттарды бір шелекке, ас қалдықтарын тағы бір шелекке салып отырады. Әрі бұл күнделікті бұлжытпай орындалатын отбасының әр мүшесінің қатаң дағдысына айналыпты.



## Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

### ЕРЕЖЕ ӨЗГЕРДІ, БІРАҚ...

– Мені мұндай тәртіпке кезінде әке-шешем үйреткен-ді. Енді, міне, сол дағды ұрпақ сабақтастығына айналып, мен үйде перзенттерімді қаршадайынан ұқыптылыққа, тазалыққа қоршаған ортаға аса құрметпен қарауға баулып, сөйтіп, оларға жақсы тәрбие беруге күш салып келемін. Өзім кезінде мектепте экологиялық тәрбие сабақтарына көп қатыстым. Бүгінгі таңда білім ошақтарында сондай сабақтар өте ме, өтпей ме, мен білмеймін. Тек білетінім, қазір бізде тұрмыстық қалдықтардың 90 пайызы алдын ала сұрыпталмай қоқыс алаңына шығарылады. Мұның қоршаған ортаға өте зиян екенін үкімет те, халық та біледі. Алайда нақты бір шара қолданбай келеді.

Екінші мәселе, еуропалық қоқыстың 85-90 пайызы қайталама шикізат ретінде пайдаланылып, бұқараның кәдесіне жаратылуда. Әрі-беріден кейін ол біле білгенге – нағыз табыс табыс көзі. Ал бізде қалай? Үйдің сыртындағы қоқыс жәшігіне тамақ қалдықтарымен қоса темірді де, терсекті де, тасты да, пайдасыз болып қалған ескі жиһазды да тастай береді. Бұл жайдың асқынып кеткені сонша, үкімет арнайы заң қабылдауға мәжбүр болды. Ендігі жерде қазақстандықтарға үйлерінің жандарындағы қоқыс жәшігіне жарамсыз жиһазды, сантехника заттарын немесе құрылыс қоқыстарын тастауға тыйым салынды деді елорда тұрғыны.

Расында да сынған үстелдері мен орындықтарын қоқыс жәшігіне сүйреп бара жатқан көршілерді талай көрдік. Бұдан былай олар енді мұндай дүниелерін қала сыртындағы қоқыс полигонына өздері апаруына тура келеді.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізіп, «Контейнер алаңына және оған іргелес аумаққа

құрылыс қалдықтары мен ірі көлемдегі қалдықтарды тастауға рұқсат етілмейді. Мұндай қалдықтарды пәтер иелері немесе заңды тұлғалар қала сыртындағы полигондарға өздері апарып төгуі қажет.

Сондай-ақ абаттандыру ережесіне сәйкес қала мен елді мекендерде сұйық тұрмыс қалдықтары мен ірі көлемді қоқыстарды қоқыс құбырына тастауға тыйым салынады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Дегенмен, осы ережені көбі ескере бермейді.

Заңгер Алексей Кимнің айтуынша, кейінгі кезде жаңадан салынып жатқан көпқабатты үйлердің кіреберістеріне «қоқыс контейнеріне тек коммуналдық қалдықтарды салындар. Әрі оларды қағаз, картон, әйнек, металл, пластмасса, органикалық қалдықтар, ағаш, тоқыма, қаптама, электр және электронды жабдықтар – батарея мен аккумуляторларды бөлек-бөлек жинақтандар» деп арнайы жазып та қойылады. Бірақ көпшілік тұрғындар мұны құлағына да ілмейді. Көрседі көрмеген болып жүре береді. Өйткені оларда бала кезден ондай ұғым қалыптаспаған. Тіпті таңертең үйінен шығарған пакет-пакет қоқыстары мен тамақ қалдықтарын үйдің кіреберісіне тастап кететіндер бар. «Міне, осындай қоғамдық тәртіпті бұзып, заңға бағынбайтындарға қандай шара қолдануға болады?» деп сұрайтындар көп.

«Кіреберіске қоқыс тастап, ірі көлемді ескі заттарды алаңға шығарып тастайтындарға учаскелік полиция инспекторы әкімшілік жаза қолдана алады. Ол үшін фото, бейне дәлелдеріңіз болуы керек. Расында нақты бір адамды жауапкершілікке тарту үшін бұлтартпайтын дәлел немесе куә болуы қажет. Сол кезде заң бұзған адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл төлейді. Әкімшілік кодекстің 505-бабы бойынша жеке тұлғаларға 20 АЕК (69000 теңге) шағын кәсіпкерлік пен коммерциялық ұйымдарға 30 АЕК (103 500 теңге), ал орта кәсіпкерлікке – 40 АЕК (138 000 теңге), ірі кәсіпкерлікке – 100 АЕК (345 000 теңге) айыппұл қарастырылған» деп түсіндірді заңгер.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТСА...

Елімізде қазір тұрмыстық қалдықтарды полигондарда өртеп, жойып жүр. Ал оның бірнеше қаупі бар. Біріншіден, қаланың сыртында полигонда жаққанымен, от шыққан соң оны нақты бақылап, дер кезінде сөндіріп отыру керек. Екіншіден, одан шығатын түтін қоршаған ортаға, адамдар мен жануарларға зиян екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Үшіншіден, қалдықтарды пайдаға жарату жағын көздеген қалаларда оны әуелі трактормен нығыздап, бөлек жинақтап қоюы қажет. Ал оған да қыруар шығын, уақыт бөлінуі тиіс. Астанада осындай қалдықтарды өңдеп, кәдеге асыратын шағын зауыт салу жоспарланғанына бірнеше жылдың жүзі болды. Рас, зауыттың алғашқы бөлігі іске қосылғанымен, ол әрі толық қуатында жұмыс істеп кете алмай келеді. Тек жылына 300 тонна картон, 30 тонна қағаз өңдеп шығарудан әріге аса алмай отыр.

Тауда газетімізде жазылғандай, елорда аумағында 338 бейберекет қоқыс шашылған учаске анықталған. Соның ішінде тек 3-еуі ғана рұқсат етілген орын болып шыққан. Бүгінгі таңда Астана қалалық әкімдігіне қарайтын аудандар 338 учаскенің 190-ын жойып, оларда жинақталған 102 мың тонна тұрмыс қалдықтарын тиісті қоқыс төгетін орындарға тасымалдапты.

Мұндай келенсіздіктер бас қалада қайталанып тұратынын жасыруға болмайды. Өйткені шаһарда заңды қоқыс тастайтын орындар нақты белгіленбеген. Экологтар бұл жерде негізгі екі нәрсені баса айтып келеді. Біріншісі, инсинерация (қалдықтарды нығыздап, өңдейтін құрал) жасайтын құрылыс орнату үшін немесе өртеп жою үшін нақты жауапты бір мекеме болмай отыр.

Екінші бір ойландыратын жайт, тұрмыстық қалдықтарды өңдеуге пайдаланылатын полихлордефинил сұйықтықтарының қоршаған ортаға қауіп төндірмеуі. Осы саладағы бизнес

өкілдері адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігінен гөрі қалталарының қамын көбірек күйтейтін байқалып қалып жатыр. Сондықтан сарапшылар осы бағыттағы жауапкершілікті арттыру үшін қолданыстағы заңды қатайтуды талап етіп отыр.

Астана қаласында тұратын эколог Айқын Бекназардың пікірінше, қазіргі күні елімізде тұрмыстық қалдықтарды шығару құны төмен көрінеді. «Бас қаламыз күл-қоқыс пен құрылыс қалдықтарының астында қалмасын десек, тарифті көтеру керек. Өйткені қалдықты полигонға шығару бар да, оны сұрыптау бар. Сосын өңдеуге келмейтіндерін жерге көму қажет. Міне, осының барлығы шығын емес пе? Қазіргі белгіленген тариф мұның жартысын да жаппайды» дейді маман.

## ТҮТІНУШЫ ЕКІ РЕТ АҚЫ ТӨЛЕЙДІ

– Өткен кезеңдерге көз жүгіртсек, бұрын қалдықтарды шағын қалаларда бөлек-бөлек жинау тәжірибесі болған. Осы тұрғыда қайта өңделген материалдарға арналған торларды тегін орнатқан кәсіпорындар табысты болғанын көреміз. Қазір сұрыптау қызметін бизнес көзіне айналдырып отырған кәсіпкерлер бұл саладан қаржыны аямаса екен дейді эколог Айқын Нұрматұлы.

– Бәрін қарапайым халықтың иығына арта беруге болмайды. Онсыз да тұтынушылар тұрмыстық қалдықтар үшін екі рет ақы төлейтінін біреу білсе, біреу білмейді. Мен сізге айтайын, адамдар бірінші өнімді сатып алған кезде өнімнің бағасына кіретін қаптама үшін ақы төлейді. Мұны көпшілік ескере бермейді. «Кез келген тауар сатып алсаңыз, сыртқы қорабын он төрт күн сақтаңыз» деп ескертеді. Сонда сіз оның құнын төлеп қойғансыз. Ал екінші рет оны қоқыс ретінде тастап, ақы төлейтінііз.

Қазір Астана қаласында сұрыптау жұмыстарымен бірнеше шағын кәсіпкерлік субъектілері айналысады екен. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жандана түсуі керек-ақ. Бастысы, қоқысты бөліп жинау, сұрыптау мен қайта өңдеу – елдің бүгінгі мен болашағы үшін аса қажетті дүние. Сондықтан әр азамат осы іске толыққанды үлес қосып, ауқымды жобаның ойдағыдай іске асуына атсалысса дейміз.

Тағы бір жайт, бас қаланың аудандары мен шеткері аймақтарының санитарлық жағдайы мен айналасындағы қоқыс үйінділеріне мемлекеттік органдар ерекше көңіл аударуы, тиімді шаралар қабылдауы тиіс. Тұрмыстық қалдықтар орналасқан орындарды бақылауға алып, оның қоршаған ортаға әсеріне мониторинг жүргізгені жөн. Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпкерлік қызметті дамытуға қолдау көрсету керек. Сонда ғана экологиялық тұрғыдағы ойлаған мақсатымыз жүзеге асады деген тәжірибелі экологтың пікірімен толық келісуге болады.

## ЗАҢ ҚАТАҢ БОЛУЫ ТИІС

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша полицияға жылына 100 мыңға жуық арыз-шағым келіп түседі.

Заң бұзған, қылмыс жасаған кез келген азамат тиісті жазасын алатынын, ал жәбірленуші мемлекет пен қоғам оны қорғайтынына сенімді болуы керек. Бұл туралы Парламент Сенаты аппаратының басшысы, ҚХА мүшесі Максим Споткай айтты.



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстар үшін жауапкершілікті қатаңдату жөнінде елеулі қадамдар жасалды. Алайда отбасының шырқын бұзып, зорлық-зомбылық жасағандардың 10%-ы ғана жауапқа тартылды. Себебі жәбірленушілерді басым көпшілігі өтінішін қайтарып алады немесе медиация арқылы татуласады. Осылайша құқық бұзған азамат жауапкершіліктен сытылып шыға келеді.

Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанның негізгі құндылығы – Заң мен тәртіп екенін нақты атап өтті. Президент қалыптасқан жағдайға алаңдаушылық білдірді және көшедегі мәдениетсіздіктен бастап төбелеске, ұрлық пен кісі өліміне дейінгі барлық құқық бұзушылықтарға қатысты ымырасыздықтың маңыздылығын атап өтті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, дөрекілік, бұзақылық – мұның бәрімен тек мемлекет пен құқық қорғау органдары ғана емес, бүкіл қоғам болып, әрқайсымыз күресуіміз керек.

«Сенат Парламент функциясын атқару кезеңінде ҚК мен ӘҚБтК-ге тиісті түзетулер қабылдаған болатын. Заңнамадағы өзгерістер қылмыскерді жәбірленушіден оқшаулау үшін оны тұтқындауға мүмкіндік берді, сонымен қатар орташа зиян келтіргені үшін 3 жылға дейін және ауыр қылмыс үшін 10 жылға дейін жауапкершілік күшейтілді. Жәбірленушінің өтініші болмаса да зорлық-зомбылық фактілері бойынша қылмыстық іс қозғауға мүмкіндік беретін түзетулер қабылданды. Тараптарды қайта татуластыру мүмкіндігі алынып тасталды. Яғни мұндай қылмыс үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша елеулі қадамдар жасалды» деді Максим Споткай.

Оның айтуынша, мұның барлығы – заң мен тәртіпке бағынатын мемлекет болу бағытында жасалып жатқан нақты қадам. Алайда тек заңнамалық шаралардың жеткіліксіз екені ақиқат. Ең бастысы, қоғамда мүлде төзбеушілік қағидасы қалыптасуы керек.

Торғын АМАН

**ӘКІМШІЛІК КОДЕКСТІҢ 505-БАБЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА 20 АЕК (69000 ТЕҢГЕ) ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК ПЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА 30 АЕК (103 500 ТЕҢГЕ), АЛ ОРТА КӘСІПКЕРЛІККЕ – 40 АЕК (138 000 ТЕҢГЕ), ІРІ КӘСІПКЕРЛІККЕ – 100 АЕК (345 000 ТЕҢГЕ) АЙЫППҰЛ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН**



## ИГІЛІКТІ ІСТЕРДІҢ ИЕСІ

Елордада мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, кәсібін дөңгелетіп отырған көпбалалы, жалғызілікті, ерекше балалары бар аналардың қатары өсіп келеді. «Bilimall» білім беру орталығының директоры және Strong mothers NS ҚҚ басшысы Райгүл СЕРІКБАЕВА – солардың қатарында.

**Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Ол – көпбалалы ана. Алғаш рет 2016 жылы өзі тұратын Өндіріс шағын ауданында ағылшын тілінен сабақ бере бастағанда балаларын түрлі үйірме мен қосымша сабаққа бергісі келеді, бірақ сол ауданда ол кезде оқу орталығының болмауы, қаланың басқа аудандарындағы орталыққа барып-келудің біршама қаражатты қажет ететіні ойындағысын жүзеге асыруға қолбайлау болып, біраз қиналғаны бар. Көпбалалы отбасыдан шыққан балалардың қолжетімді қосымша білім алуына мүмкіндігі жоқ екенін ойлап, оларға қол ұшын созып, мүмкіндігінше көмектесуді арман етті. Сөйтіп, өзі секілді көпбалалы және жағдайы төмен отбасылардың балалары үшін оқу орталығын ашу туралы ой жетегінде жүріп, мемлекет тарапынан берілетін грантқа үміткер ретінде конкурста қатысады. Осылайша, алдымен 2019 жылы, кейін 2021 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қайтарымсыз грант ұтып алып,

сол қаражатпен армандаған оқу орталығын ашады. Көп ұзамай орталыққа техника мен жабдықтар сатып алып, ісін дөңгелете береді. Кішігірім кабинетте туған жақсы идея жалғасын тауып, әлеуметтік кәсіпкерлер қатарына қосылады.

– «Бизнес бастау» жобасы жайында әкімдікте өткен жиналыстар мен әлеуметтік желілерден естіп-білдім. Жоба бойынша екі айлық курста оқып білімімді жетілдірдім. 2019 жылдың желтоқсан айында жоба бойынша алғашқы гранттымы иелендім. Одан кейін 2021 жылдың шілде айында грантқа тағы да өтініш беріп, мемлекеттен қайтарымсыз 5 млн теңге жеңіп алдым. Бүгінгі таңда Астананың барлық ауданында орталығымыздың 4 бөлімшесі бар. Олар Қ.Кемеңгерұлы, 11; Р.Қошқарбаев, 39; Ш.Уәлиханов, 3 және Ж.Молдағалиев, 2 мекенжайында орналасқан. Ең алдымен кішігірім оқу орталығын аштым. Қосымша сабаққа келетіндер саны көбейіп, орталық дами түсті. Қажетті оқу-материалдық құралдарды алып, орталығымыздың екінші бөлімшесін ашуға бекіндім. Ал қалған екі



бөлімшені мемлекеттік грант нәтижесінде аштым, – деді Райгүл Серікбаева.

Бүгінгі таңда оқу орталығында шамамен 15 мұғалім жұмыс істейді. Олардың қатарында «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін жастар да, зейнеталды жастағы және зейнеткер ұстаздар да бар.

Білім беру орталығы жетекшісінің айтуынша, мұндағы оқу ақысы екі түрге жіктеледі. Оның бірі – жеңілдік бойынша, ал екіншісі – жалпы баға бойынша. Көпбалалы отбасы үшін мұнда үлкен жеңілдік қарастырылған. Бұл орталықта мектепке дайындық, ұзартылған күн тобы, домбыра, шахмат, математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, вокал, фортепиано үйірмелері жұмыс істейді. Сонымен қатар жылына төрт рет көпбалалы аналарға ағылшын тілі және цифрлық сауаттылық курсы өтеді.

– Елордадағы көпбалалы, жалғызілікті және ерекше қажеттілігі бар бала өсіріп отырған аналар бірігіп, «Астананың мықты аналары» – Strong Mothers NS атты қоғамдық қор аштық. Біздің қоғамдық қордың басты мақсаты – халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалардың, мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуетін ашу, көпбалалы аналар мен ерекше балаларды тәрбиелеп отырған әйелдерді қолдау арқылы Қазақстанның дамуына жәрдемдесу. Сонымен қатар осы қоғамдық қор арқылы аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы, жалғызілікті, мүмкіндігі

шектеулі балаларды өсіріп отырған аналарға ақпарат, құжат тұрғысынан қолдау көрсету, демеушілер мен серіктестердің көмегімен азық-түлік себетін таратып беру, осы топтағы отбасылардың балаларын 50 пайыз жеңілдікпен өз мекемемізде оқытуды басты мақсат етіп отырмыз. Алға қойған міндетіміз бен атқарар шаруамыз көп. Балаларымыздың болашағы үшін бәріміз бірлесіп, біріге күш жұмылдырсақ, алға қойған барлық мақсат-межеге сүрінбей жетеріміз ақиқат, – деді әлеуметтік кәсіпкер.

Өз балаларының тәрбиесімен айналыса жүріп, өзге балалардың да білімді болуы үшін аянбай тер төгіп, кәсібін дөңгелетіп келе жатқан Райгүл Владимирқызы шаршау дегенді мүлде білмейді. Үнемі ізденіс үстінде. Қайтсем балалардың болашағы жарқын, келешегі кемел болады деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, тыным таппайды. Өзі сүйетін кәсіппен айналысу арқылы игілікті істердің ұйытқысы болып жүрген жанның жас аналарға, жұмыссыз жүргендерге айтары да жоқ емес.

– Жас аналарға және қыз-келіншектерге айтарым: ештеңеден қорқудың қажеті жоқ. Алдыңызға мақсат қойдыңыз ба, сол мақсатқа сай жұмыс істеуге талпыныңыздар. Жұмысыңызға адал болып, бар күш-жігеріңізді мақсатыңызға жету жолында жұмсаңыз, еңбектің тәтті жемісін, үлкен нәтижесін көресіз. Тек алға ұмтылу керек, – деді Райгүл Серікбаева.

Математиканың ғылымда ғана емес, адам өмірінде алатын орны ерекше. Оны тек қана есептеу деп ойлап, қосу мен алуды білсек жеткілікті, қалғанын ғалымдардың шаруасы деп қарау шолақ ойлау іспетті.

## ЕСЕПКЕ ҚҰМАРЛАР КЛУБЫ

Шындығында, шаңырағымыздан бастап мініп жүрген көлік, электр шөйнегі мен қолымыздағы сенімді серігімізге айналған телефонның барлық әрекеті математикалық дәлдік пен есептеулердің нәтижесі екенін айтсақ та жеткілікті.

Сондықтан математика пәнін тереңдетіп оқытудың пайдасы зор. Осы мақсатта Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы бастауыш сынып және математика пәні мұғалімдеріне арналған «Математикалық клуб» жобасын бастады. Клуб мұғалімдердің шығармашылық әлеуеті мен педагогикалық шеберлігін дамытып, олимпиада резервін қалыптастыруда мұғалімдерге көмек көрсетеді, оқытушылардың кәсіби дағдысын жетілдіріп, өзара тәжірибе алмасуына ықпал етуді көздейді.

Математикалық клуб офлайн түрде мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Клубқа мүшелікке кіру тегін. Әр мектеп өз ішінен клубқа мүшелікке 2

мұғалімді (бастауыш сынып мұғалімінен біреу, математика пәні мұғалімінен біреу) іріктейді. Іріктеу сынындағы талаптардың шекті ұпайынан асқан математикалық дәлдік пен «Математикалық клуб» мүшесіне қабылданады.

Әр мұғалімге Әдістемелік орталық пен «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығының атынан «Математикалық клуб» мүшесі деген куәлік берілді. Белгілі сынақтан өткеннен кейін математика пәні бойынша 41 педагог, бастауыш сынып бойынша 60 педагог клуб мүшелігіне қабылданды.

Клуб жұмысы 2023-2024 оқу жылына арналып, «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің арнайы бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Жобаның тиімділігі сонда, есептердің шешімін таба отырып, баланың ойлау жүйесінің дамуына ықпал етіп, өмірдің кез келген жағдайында дұрыс әрекет етуге тәрбиелейді.

**Ерғазы МАНАПҰЛЫ**



## АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙЛЫ ЕТЕДІ

Қала тазалығына жауапты коммуналдық қызметкерлердің еңбегі ерекше. Олар күндіз де, түнде де, кез келген ауа райында жұмысын тоқтатпайды. Олардың қажырлы әрі жауапты жұмысының арқасында қалада тәртіп пен тазалық сақталады. Коммуналдық қызметкерлер тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс істейді.

**Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**

«Астана тазалық» кәсіпорнында қазіргі күні 1848 адам жұмыс істесе, қысқа қарай олардың саны көбейеді, себебі қар тазалау жұмысы көп адам күшін қажет етеді. Мекеме қызметкерлерінің ішінде Ауған соғысының ардагері және Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан 12 азамат еңбек етеді екен. Соның бірі – Бейсембек Нарынов.

Ауған соғысына күтпеген жерден барып, екі жыл майданда болған Бейсембек аға осы тазалыққа жауапты

мекемеде жұмыс істейді. Өзі – Астана қаласының тумасы. Қорғалжында өскен. Сол жақтан әскерге кетіп, 1979-1981 жылдары оралған. Ауғанстандағы соғыс кезінде бірнеше қаласына кіріп, әскери қимылдарға қатысты, талай рет ажал аузынан аман қалды.

Бейсембек Нарынов «Астана тазалық» серіктестігіне 2001 жылы келгенде машинист болған. Содан бері бір мекемеде табан аудармай еңбек етіп келеді, қазіргі күні жастарға көрген-білгенін үйреткен ол – ұжымда сыйлы, құрметті жан, еңбек ардагері.

– Қысы-жазы бұзылып, істен шыққан техникаларды жөндеймін. Ыстықта-салқында темір-терек ара-



**Сұлтан СЕЙІТ**

сында жүріп жұмыс істеу, әрине, оңай емес. Бірақ жастайымнан еңбектеніп, қара жұмысқа ерте бейімделгендіктен, қандай шаруа болса да тартынбай жасаймын. Қала тазалығына керекті техника жиі жөнделуді, сынғанын оңдауды қажет етеді. Көмекшім керек

темірлерді, қосалқы бөлшектерді әперіп тұрса, жөнделу жұмысына алаңдамай кірісемін. Ескісін жөндеймін немесе қайта құрастырамыз, әйтеуір жұмысы көп, бейнеті жетіп артылатын, бірақ ұжымдастар арасында қадірлі кәсіп қой слесарь деген, оған жастар ара-

сынан келетіндер тым аз. Біз секілді жүрмейді, олар тез ақша табатын кәсіпті меңгергісі келеді. Осы қынжылтады мені, – дейді нағыз еңбек адамы Бейсембек Қарабайұлы.

Көліктерді, техникаларды жөнделу жөніндегі слесарь – бұл техникалық қызмет көрсетіп, бөлшектеуді, жөнделуді, ауыстыруды, дәнекерлеуді, жинауды және реттеуді жүргізетін маман. Слесарьдің міндетіне автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және оны жөнделу, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрттен қорғау ережелерінің сақталуын бақылау, пайдалану материалдарының шығынын есепке алу кіреді. Ол физикалық төзімділігі мен күші айрықша, ширақ, техникалық интеллект, зейінді, байқампаз, шыдамды, жауапкершілігі жоғары, апат дабылдарына тез жауап беретін кәсіби маман болуы тиіс. Бұл ретте слесарь кәсібінің қыр-сырын меңгеріп, жастарды үйретуден жалықпаған Бейсембек Нарынов секілді еңбек ардагерін атап өту орынды.

Шынында да, қаланың қым-қуыт тіршілігінде елорда тұрғындарына қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс істеп жатқан коммуналдық қызметкерлер еңбегі қандай да бір қолдауға лайық.

№138 (4571) 21/11/2023 Сейсенбі

**А**қын Есенғали Раушанов бір өлеңін «Қазақ екеніңе күмәнданып көрдің бе? Көрсен, мен сенің досыңмын» дей келе: ...*Ажалды күн келгесін,*

*Ақ шырағы сөнгесін,  
Қазақ өлсе көмілер,  
Көмілмесе, шманы Хаққа аманат,  
Қазақтығың өлмесін!* – деп түйіндейді. Иә, «қазақтығың өлмесін!» депті.

Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Қазақ деген кісіңіздің өн бойы толған ақыл. Бір күнде ең кемі екі кісіге ақыл айтпай отыра алмайды ол» дейді.

Ендеше қазақ болып туған соң, қазақтығымызды өлтірмеу үшін «өн бойымыздағы толған ақылды» айта отырайық. Әлқисса, бауырларым, егер білгіңіз келсе, айтайын:

- \* ата – даналық;
- \* әке – асқар тау;
- \* ана – қайнар бұлақ;
- \* апа (әпке) – тілек;
- \* аға – қанат;
- \* іні – тірек;
- \* бала – бақыт;
- \* қыз – өріс;
- \* нағашы – сүйеніш;
- \* қайын – қанағат;
- \* туыс – қорғаныш;
- \* жастық – қызық;
- \* азаматтық – дәурен;
- \* жомарттық – барлық;
- \* мәрттік – ерлік;
- \* қайырым – азаматтық;
- \* су – өмір;
- \* қазына – байлық;
- \* жер – тіршілік;
- \* жылқы – мақтан;
- \* түйе – салтанат;
- \* сиыр – қанағат;
- \* қой – қазына;
- \* байлық – мұра;
- \* денсаулық – байлық;
- \* тіл – терендік;
- \* білім – шексіз;
- \* ақыл – артық;
- \* өнер – мәңгілік;
- \* дін – сенім, – деген екен қазақ атам.

«...Дүниенің қызығы – сіз бен біз ғана». Басқаның бәрі алдамшы, уақытша. «Тіріде сыйласқаннан артық жақсылық жоқ» деген қағиданы ұстанған халқымыздың салтында, егер сыйлағыңыз келсе, төмендегі іс-әрекетті жасаның депті. Мұнда:

- \* үлкенге сәлем бер;
- \* қуантқанға сүйінші бер;
- \* соғымнан сыбаға бер;
- \* егіннен кеусен бер;
- \* майдан көгендік бер;
- \* балаға базарлық бер;
- \* киімге байғазы бер;
- \* сәбиге көрімдік бер;
- \* төркіндеген қызға қалауын бер;
- \* көшкенге айырылысар көже бер;
- \* досқа естелік (ескерткіш) бер;
- \* жетім-жесірге – қолқайыр;
- \* мүсәпірге – садақа;
- \* алғашқы қымыздан – қымызмұрындық;
- \* соңғы қымыздан – сіргежияр;
- \* дәулетіңізден шүлен таратып бересіз;
- \* тойға тойхана апар;
- \* құдалыққа кит апар;
- \* үйлену тойына немеурін апар;
- \* азаматқа – сыйлық;
- \* қуанышқа – шашу;
- \* асқа барсаң – сабамен қымыз, сойысқа мал;

\* қазаға аза апарасыз. Адам болып туған соң өмірде не болмайды?! Ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше бір терінің ішінде үш арып, үш семіресін. Ең бастысы, екі иығыңның үстіндегі басың аман тұрғанда қайыршылыққа дейін жетсең, ол мұсылманшылыққа да, қазақтыққа да жат, жағымсыз болып саналады. Қазақ қайыр сұрамаған, қарыз сұраған. Алғаның сәті түскенде қайтарған. Егер сұрағыңыз



## ҚАЗАҚТЫҒЫҢ ӨЛМЕСІН!

келсе, қазақ атамыз төмендегі ақылды айтыпты. Мұнда:

- \* Алладан денсаулығыңызды сұраңыз;
- \* пайғамбардан шапағат сұраңыз;
- \* данадан өнеге, білім сұра;
- \* батырдан – сауға;
- \* аңшыдан – сыралғы;
- \* қарттан хал-жайын сұра;
- \* ананың – мейірімін;
- \* жетімнің – жай-күйін;
- \* саудың – амандығын;
- \* аурудың – көңілін;
- \* туған-туыстың – бүтіндігін;
- \* олжадан – тәбарік;
- \* қонақтан бұйымтайын сұраңыз.

Жоғарыда сұрау туралы айтып өттік. Енді қалау туралы айтайын. Қалау мен сұрау екі бөлек екенін білесіздер. Егер қалағыңыз, тілегіңіз келсе, төмендегі ұғымдарды ұстанған жөн екен. Мұнда:

- \* азға – қанағат;
- \* барға – тәубе;
- \* тойсаң – тоба;
- \* ауырға – төзім;
- \* жақсылыққа – алғыс;
- \* жамандыққа – қарғыс;
- \* болашаққа – сенім;
- \* жетістікке – салауат;
- \* қалғанға – береке;
- \* басқа – амандық;
- \* денге саулық тілеңіз.

Қазақта «сақтықта қорлық жоқ» деген сөз бар. «Алла сақтанғанды сақтаймын» депті. Ендеше сақтанғыңыз келсе, қазақ атамыз мынаны айтып:

- \* достың күлкісінен сақтан;
- \* дұшпанның табасынан сақтан;
- \* жаманның жаласынан сақтан;
- \* пәлекордың пәлесінен сақтан;
- \* астың аласынан сақтан;
- \* ұшынған өрттен сақтан;
- \* даусыз дерттен сақтан;
- \* тасыған судан сақтан;
- \* екіжүзді қудан сақтан;
- \* шайтанның азғыруынан сақтан;
- \* арақтың аздыруынан сақтан;
- \* аса байлықтан сақтан;
- \* сайқал қатыннан сақтан;
- \* ата-анаға кінәлі болудан сақтан;
- \* дін алдында күнәлі болудан сақтан,

– депті.

Егер біреуден бірдеңе алғыңыз келсе, нәпсіңізді тыйыңыз. Сіздің алатын нәрсе-леріңіз төмендегідей болсын:

- \* жұрттың алғысын алыңыз;
- \* қарттың батасын алыңыз;
- \* кішінің сәлемін алыңыз;
- \* көптің сенімін алыңыз;
- \* тәлімдіден тәрбие алыңыз;
- \* ғалымнан ғылым-білім үйреніп алыңыз;
- \* жомарттан – байғазы;
- \* мәрттен – сүйінші;
- \* жерден – қуат;
- \* көктен нұр алыңыз.

Егер бергіңіз келсе ше? О-о-о, онда бөлек. Өзіңізде барыңызды айналаңызға, ел-жұртыңызға, Отанға, мұсылмандарға, адамзатқа барынша сарқып беріңіз. Бәрін-бәрін беріңіз. Өйткені өмірден өткен күні бәрі де қалады ғой. Жалаңаш келіп, жалаңаш кетесіз. Сондықтан тіріде бергеннің бәрі ақыретте сауап болып алдымыздан шығатынына сенуіміз керек. Бір Алланың барына қалай сенсек, жақсылықтың сауап болатынына солай сенген ләзім. Ендеше не тұрыс, егер бергіңіз келсе:

- \* қуансаң елге той жасап бер;
- \* қорықсаң – ақсарбас ата;
- \* шошысаң құдайы бер;
- \* ауырсаң садақа бер;
- \* байысаң шүлен бер;
- \* оразада пітір бер;
- \* мaldан зекет бер;
- \* олжаңнан тәбарік бер;
- \* шөлдегенге су бер;
- \* шалдыққанға көлік бер, бер, бер, бер бер!..

Алланың ризашылығы үшін бер. Кеміп қалмайсың, кеңісің!

**Келер ұрпақ аталарымыз айтып кеткен осы өсиеттерді еске тұтса:**  
**«Құлым бір ұлдай күйінсе,  
Көркемін көрген сүйінсе,  
Атымтай жомарт секілді,  
Атағым елге білінсе» дегендей, әлеуметтік теңдікті қалыптастыру мұратының орындалуына қозғау болар еді деп көксейміз.**

Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ

Көп елдің мәдениетін тоғыстырған Қазақстанда тамақтың түр-түрі табылады. Шағын кафелерден бастап ірі ресторандарға дейін сан түрлі тамақтың тізімін самсатып тізіп тастаған. Қалтаң көтерсе, қалағаныңды жеп, тәбетің тартқанды ішуге мүмкіндік бар.

## КӨЖЕНІҢ ҚАНША ТҮРІ БАР?

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Дейтұрғанмен Қазақстанның көп өңірінде сол тамақтардың тізімі орысша немесе қай елдің азаматы ашқан асхана болса, сол елдің атауы бойынша жазылатыны қызылталды.

Қазақша атауы жоқ болса бір сәрі, қазақшасын қайырып қойып, палауды – плов, ботқаны – каша, күрішті – рис, сүтсірені – сыр, тоқашты – лепешка, сорпа мен сұйық тағамды суп деп соға беру қазір үрдіске айналған. Мәселен, мәнпәр (манпар) деген тамақты мысалға алайық. Қазір қазақ елінде қай дәмханаға кірсеңіз де, ас мәзірінде осы тағамның аты тұр. Асхана иелерінен «бұл тағамның қазақша аты қалай?» десең, ешкім білмейді немесе «қазақшасы мәнпәр» деп жауап қайырады. Мәнпәр – қытай тілінен келген атау.

Алдымен көже-қатығын қуырып, одан соң оның үстіне су құйып, оған жалпақтау етіп созылған қамырды үзіп (жұлып) салатын тамақты қытайлар таңфән, мәнпәр деп атаса, қазақ оны «жұлма көже» деп атаған. Енді неге сол «жұлма көже» деп атай салмай, қалайша қытайша айтып қиналып жүрміз? Қазақ ұлтында да тамақтың түр-түрі бар. Мәселен, қазақ тілінде осы көжеге қатысты жұлма көже, кеспе көже, бидай көже, тары көже, мас көже (кей өңірде тары көжені мас көже деп атайды), ұн көже, сүт көже, күріш көже, наурыз көже (көп көже), қара көже, төп көже, қос көже, арпа көже, омаш (умаш) көже, мекен (мекен) көже, насыр көже (кес-

пе көжені кей өңірде осылай атайды), салма көже, қонақ көже, ашытпа көже, бармақ көже, жауған көже, уыз көже, құрт көже сынды 30-ға жуық атау бар. Бұл тек біздің атын білетін көжелеріміз ғана. Ал шын мәнінде «кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деп әр көженің кенуін әр түрлі сипаттаған қазақ көжесінің түрі бұдан да көп болуы мүмкін.

Тілімізде көжемен қатысты тұрақты тіркес те аз емес. Көже қымыз (қымыз араласқан көже), көже қойырпақ (айранға, қымызға сүт араласқан сусын) деген ас-сусын түрлері де бар. Кейде бәрін араластырып жіберсе, «көже қойырпақ» боп кетті деп сипаттай сынап жатамыз. Болымсыз нәрсеге қанағаттандырды, сәл нәрсеге риза етті деген сөзді қазақ «көже буаз қылды» (халықты көже буаз қылып алдастыру хазіретке ұнар ма екен?, «Айқап» журналы) деп образдап айту да бүгін есімізден көтеріліп барады.

Белгілі бір зат атауының бір ұлт тілінде болмауы, оның сол ұлттың тұрмысымен қатысы жоғының, яғни өндіріс-тұрмысында қолданылмағанының дәлелі десек, ең қарапайым тамақ түрі саналатын көженің атын да көрішпен көшірсек, басқалар да «қазақта ет пен сүттен басқа тамақ жоқ» деген ұғым қалыптастырмай ма?!

Тіл мен дәстүрден кейін ұлттың ерекшелікті айқындайтын бөгені бөлек белгінің бірі – тағам мәдениеті. Қазақтың қазы-қартасы, ет пен қымызынан басқа да тағамы толып жатыр. Көженің 30 түрін жасаған ұлт тілден де, тамақтан да таршылық көрмеген, шүкір!



## «АЛТЫН САҚА» ЧЕЛЛЕНДЖІ

Еліміздегі жеті мыңнан астам білім беру ұйымында бір мезетте «Алтын сақа» ұлттық ойындардың республикалық челленджі өтті. Бұл бастама барлық оқушы мен мұғалімді біріктіруге, ұлттық рухты және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бағытталған.

Елордалық оқушылардың сайысына Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев та қатысты. Ол ұлттық ойындарымызды жаңғырту, насихаттау және дамыту мызғымас құндылығымызды – бірлік, келісім мен бейбітшілікті нығайтатынын, сондай-ақ білім ошағындағы рухани-адамгершілік мәдениетті арттыра түсетінін атап өтті.

«Ұлттық ойындар – педагогиканың дәстүрлі құралы. Ғасырлар

бойы оларда ұлттық болмысымыз, халықтың еңбегі, ар-намыс, батырлық, ерік-жігер мен жеңіске деген ұмтылысы айқын көрініс тапқан. Ұлттық ойындардың өскелең ұрпақ арасында кең танылып келе жатқаны қуантады. Соның бір дәлелі ретінде бүгін екі миллионға жуық оқушы еліміздің мәдени мұрасын сақтаудағы бірлігін тағы да көрсетті. Біз жас ұрпақты нағыз патриот ретінде

тәрбиелеуіміз керек» деп атап өтті министр.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты екінші отырысында айтқан маңызды мақсатының біріне қол жеткізу үшін министрлік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, патриотизм мен еңбекқорлық, этномәдени толеранттылық қағидатына негізделген «Бірыңғай ұлттық тәрбие бағдарламасы» аясында бірқатар шараны жүзеге асыруда. Бұл шаралардың барлығы еліміздегі білім беру ұйымдарын біріктіруге және білім алушылардың қазақтың тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға бағытталған.



Өз заманында ноқтаға басы сыймай өткен күрескер ақын, әнші, халық композиторы Иманжүсіп Құтпанұлының туғанына биыл 160 жыл толды. Өр рухты тұлға XX ғасырдың алғашқы ширегінде бірталай қуғын көріп, «халық жауы» атанды. 70-ке таянған жасында Әулие ата жерінде атылды. Арада 60 жыл өткенде ғана ақталды. Бірақ әлі күнге дейін ән мұрасы халыққа толығымен жетпеді. Талайдың есесін қайтарып, елге пана болған тұлғаны ұлықтау да тиісті дәрежеде емес. Бұл тарапта алда атқарылуы тиіс шаруалар баршылық. Ақынның немересі, атасының мұрасы мен тұлғасын 30 жыл бойы зерттеп, жарыққа шығарған философия ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Раушан Иманжүсіппен әңгімелескенімізде соны түсіндік.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

#### МЕКТЕПТЕГІ МҮЗЕЙДІ МҮЗЕЙ ДЕУГЕ КЕЛМЕЙДІ

Иманжүсіп Құтпанұлы Керекү өңірінде дүниеге келіп, 2 жасынан бастап ежелгі Қараөткел, Ақмола топырағында өсті. Оған себеп, 1865 жылы Ақмола уезінің болысы Ыбырай Жайықбаевқа Павлодар уезі, Песчаной станциясында тұратын Құтпан Дайрабаев хат жолдайды. Онда Ақмоланың тумасы екенін, өзінің отбасын (жұбайы Үміт, төрт баласы Ақшабай, Шонай, Иманжүсіп және қызы Бәтін) көшіру мақсатында жер бөлуді сұрайды. Көп кешікпей Күйгенжардағы берілген жерге қоныстанады. Иманжүсіп осы жерде өсіп, азамат болып қалыптасты. Қазір Астананың іргесіндегі Жібек жолы ауылындағы орта мектеп Иманжүсіп Құтпанұлының атында. Білім беру ошағында тарихи тұлғаның музейі де бар. Бірақ мұражайды мектеп ішінде қалдырмай, жеке ғимаратта ашу керек.

«Иманжүсіпке қатысты қаншама дерек, қаншама жәдігер жинақталды. Оның бәріне бөлек музей керек. Мұражай міндетті түрде Астанада болсын деп айтып отырған жоқпын. Ал шынтуайтына келгенде, Иманжүсіп – Астананың, Ақмоланың сал-серісі. Мектептегі музейді музей деуге де келмейді. Бұл мектеп кезінде қос қабатты балабақшаның бұрынғы ғимаратында ашылды. Кейін мектеп басқа ғимаратқа көшіп, бұрынғы ғимарат бос қалды. Ол ауыл әкімдігінің балансында. Мен осы ғимаратты басы бүтін музейге сұрап отырмын» дейді Раушан Нұрханқызы.

Оның айтуынша, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановпен бір кездескенінде өңір басшысы Иманжүсіп тұлғасы мен мұрасына қызығушылық танытқан. Алда тағы кездесуге уәделесіп, сол кезде тиісті мәселелер бойынша екеуара ақылдасуға келіскен. Былғы қыркүйек айында Көкшетау қаласында Ақан серінің 180 жылдығы мен Иманжүсіптің 160 жылдығына арналған «Арқаның ән дәриясы» атты республикалық дәстүрлі әншілер байқауы өтті. Ақмола облысының Мәдениет басқармасы қос халық композиторының мерейтойын осылай қосақтап өткізген. Біздіңше, бөлек-бөлек өткізуге болар еді.

#### ЗИРАТЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫ

Иманжүсіп Құтпанұлы 1931 жылы 2 наурызда Мойынкүм көтерілісінің басшысы болып танылып, «халық жауы» ретінде атылған. Сүйегі Тараз қаласында христиан зиратында жатыр. Қазір мүлде қараусыз қалды. «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының басшысы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі



## ТОПТАН АСҚАН ТҰЛҒА ТАСАДА ҚАЛА БЕРЕ МЕ?

мемлекеттік комиссияның мүшесі, осы мемлекеттік комиссия жобалық кеңесінің жетекшісі Сабыр Қасымов өткен жазда Жамбыл облысының сол кездегі әкімі Нұрлан Нұржігітовтің атына хат жолдаған. Онда Иманжүсіп Құтпанұлының туғанына биыл 160 жыл толғанын, зиратын қоршау, белгі тасын орнату, Жамбыл облысының киелі нысандары тізіміне енгізу мүмкіндігін қарастыруды

сұраған. Бірақ одан нәтиже болмады.

#### КӨШЕСІ КӨШІРІЛІП, ҚОРЫМ ҚОРШАЛА МА?

Елорданың Сарыарқа ауданына қарайтын ескі теміржол вокзалы аумағында Иманжүсіп Құтпанұлы атында көше бар. Ақмола Астана атанған алғашқы жылдары қаладағы Литейная көшесі Иманжүсіп атына өзгерді. Өткен жылы Мұхамеджан Тынышбаев көшесі Алматы ауданына көшірілді. Ал Сарыарқа ауданындағы қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы атындағы көше Иманжүсіп Құтпанұлы көшесімен біріктірілді. Осылайша Иманжүсіп көшесі ұзарды. Алайда Раушан Иманжүсіптің пікірінше, атасының атындағы көшені қаланың шетінде қалдырмай, шаһардың көрнекі аумағына көшіру керек.

«Жібек жолы ауылынан бес шақырым жердегі қорымда Иманжүсіптің әкесі мен шешесі, бауырлары жатыр. Кезінде ағайындар жиналып, бұл қорымды қоршаған еді. Кейін осы жер бір орысқа сатылғанын естідік. Онымен барып сөйлескенімізде, «қорымға тиіспеймін» деген уәдесін алдық. Бірақ сол жерде жылқы көп жайылады. Аяқты мал ғой, қоршауға келіп сүйкене-сүйкене бұзып тастады. Қазір тағы қоршау керек болып тұр» дейді Раушан Иманжүсіп.

#### ЕЛОРДАҒА ЕСКЕРТКІШІ КЕРЕК

Күрескер ақынның 150 жылдығы тұсында Павлодар облысының Ақсу қаласында, Иманжүсіптің туған жерінде мүсіні қойылып, сол қаладағы спорт сарайына оның

“

Раушан Нұрханқызымен әңгімемізде ол Иманжүсіп тұлғасына, әндеріне құр тамсану ғана барын, ұлықтауға келгенде нақты істер жоқтың қасы екенін айтты. Немересі бәрінен бұрын үлкен музейдің ашылуын тілейді. Әрине, атасының Тараздағы зираты мен Астана маңындағы ата-балалар қорымын қоршау, Астанадағы көшесін көрнекті жерге көшіру, елордада ескерткішін орнату да маңызды. Иманжүсіптің келесі мерейтойын күтпей, бұл істерді атқару керек деп есептейміз

аты берілді. Сондай-ақ бірнеше жыл тұрған Қызылорда облысы Шиелі ауданында ескерткіші ашылып, стадион мен көше атын иеленді. Шымкенттің Шілік деген жерінде Иманжүсіптің атасы, әкесі, халық композиторының өзіне ескерткіш бой көтерді. Бұл бір ансамбльді құрайды.

Осыдан 10 жыл бұрын Астананың «Тілеп Қобыз сарайы» концерт залында Иманжүсіптің 150 жылдық мерейтойына орай рухани кеш өтті. Сонда ақын, ғалым, қазіргі Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай Иманжүсіп тұлғасын сипаттай келе:

*Болыс болған бабама  
Есілім ең,  
Шаһар болдың бұл күнде  
есігі кең.  
Астанамда спорттың  
бір сарайы,  
Аталса Иманжүсіп есімімен,  
Ескерткішін орнатсақ  
бас қаладан*

*Айырылып қалмас қазақ  
несібінен, – деген ұсынысын  
өлеңмен өрнектеді. Бұл әлі де  
өзекті деп есептейміз, бас  
қалада Иманжүсіптің ескерткіші  
болуы керек. Депутат  
тиісті сауалды жолдайды деп  
ойлаймыз.*

Раушан Нұрханқызымен әңгімемізде ол Иманжүсіп тұлғасына, әндеріне құр тамсану ғана барын, ұлықтауға келгенде нақты істер жоқтың қасы екенін айтты. Немересі бәрінен бұрын үлкен музейдің ашылуын тілейді. Әрине, атасының Тараздағы зираты мен Астана маңындағы ата-балалар қорымын қоршау, Астанадағы көшесін көрнекті жерге көшіру, елордада ескерткішін орнату да маңызды. Иманжүсіптің келесі мерейтойын күтпей, бұл істерді атқару керек деп есептейміз.

## ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТҚАН

Биыл Астана қаласының Есіл ауданындағы Е578 көшесіне Бопай ханымның есімі берілді. Бұл қаншама жыл өтсе де, кейінгі ұрпаққа тарихи сананы жаңғырту болды.

Жазушы Мәди Айымбетовтің «Бопай ханым» тарихи романы XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың бас ханы Әбілхайырдың жары Бопай Сүйіндікқызының өмірнама-сына арналған. Туындының басты кейіпкері Бибәтима – Бәтима – Бопай ханымның, Әбілхайыр ханның тағдыры төл тарихымыздың қалтарысында бүгінге дейін бұрмаланып келген шындық пен ақиқатты көз алдына әкеледі. Бұл – кеңес заманындағы бұрмаланған тарих туралы ақиқаттың кілтін ашқан құнды еңбек. Кітапты оқи отырып, тарихи сананың беріктігін, өлмейтінін, ескірмейтінін анық көреміз. Бопай ханымның қазақтарға тұтқынға түскен қалмақтың жаралыларына қалай көмектескенін оқығанда досына ғана емес, тіпті дұшпанына да мейірім танытатын қазақтай елді таныдық. Біз осы қасиетімізді бүгінде жалғастырып келеміз.

Еділ қалмағы мен Жайықтың казак-орысы бар, орыс билігінің арандатуымен естек

хандықтан үміткер Барақ сұлтанды Әбілхайырға қарсы қойып, оған Әбілхайыр бұдан әрі жер басып тірі жүрмеуі керек деген жасырын бұйрық береді. Ол адамды құрытуға болады, бірақ жеңуге болмайтынын түсінбей тұр. Барақтың сенімді серігі Сырымбет Әбілхайырды өлтіреді. Елді ел қыламын, мойнын жатқа идірмей, қантөгіссіз сақтау үшін жаным садаға, «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден айырылмайды» деп қолдан келгенінше арпалысып, небір дұшпанға дес бермеген ұлы тұлға Әбілхайыр өзгені емес, өз іргесінен шыққан қаскөйдің қанды қолынан қапияда ажал құшады. Оның мүрдесі Қабырға өзенінің Өлкейікке құяр тұсындағы қорымда.

Біз тапқанынан жоғалтқаны көп елміз. Әдебиет – өмір айнасы. Мәди Айымбетовтің осы еңбегін оқып, айнадан көргендей шындықты көріп отырмын. Қазақ елі неге 300 жыл бөтен елге бодан бол-



“

Біз тапқанынан жоғалтқаны көп елміз. Әдебиет – өмір айнасы. Мәди Айымбетовтің осы еңбегін оқып, айнадан көргендей шындықты көріп отырмын. Қазақ елі неге 300 жыл бөтен елге бодан болды деген сұрақ мазалаған жандар болса, осы еңбекті оқысын. Автор қазақтың бас ханы Әбілхайырды ұлықтаған

ағайындардың соңғы кездегі шабуылдауының үдеуі және шығыстан ойраттар жанжағынан қыспаққа алып тұрған жағдайдан шығудың амалын іздеп, соңғы рет Петербормен ынтымақтасу одағын жасаудың әрекеті сәтсіз аяқталғанынан бері хан ордасы бұдан былайғы жерде өз күшіне сүйеніп, тас-түйін болуға бекінген еді.

1731 жылдың 19 ақпанында Әбілхайыр ханның ордасын өз империясының құрамына қабылдау туралы патшайым Анна Иоанновна грамотаға қол қойды.

Орынбор генерал-губернаторы Иван Неплюевтің Әбілхайыр хан болып тұрғанда қазақтарды түбегейлі мойынсұндыруды іске асыра алмайтынына көзі әбден жетеді. Ендігі әрекеті бас

ды деген сұрақ мазалаған жандар болса, осы еңбекті оқысын. Автор қазақтың бас ханы Әбілхайырды ұлықтаған. Әбілхайыр сияқты тұлғаларды таныған ұрпақ кемелденіп өседі. Осы жерде Бопай ханымның немересі Тойғараға: «Орыстың пиғылына сеніп тіршілігіңді түземендер» деген ақылы да, баласы Нұралыға айтқан «іргедегі өз ағайының да пиғылы түзу емес» тәрізді сөздері бүгінде де өміршен.

Мәди Айымбетов осы «Бопай ханым» еңбегінде бүкіл қазақ халқын тығырыққа тіреген бақталастық пен тақталастық, сатқындықпен көрсеткен.

Сұлушаш ҚҰЛМАЛИЕВА,  
зейнеткер ұстаз,  
Астана қаласы

№138 (4571) 21/11/2023 Сейсенбі

Райхан  
РАХМЕТОВА

Жыл сайын 31 мамырда бүкіл әлем жұртшылығы дүниежүзілік темекісіз күнді атап өтеді. Одан бөлек, Америка онкология қоғамының бекітуімен 1977 жылдан бастап жыл сайын қарашаның үшінші бейсенбісінде атап өтетін темекі шегуден бас тартудың халықаралық күні жарияланған. Бұл күндер барлық елдегі адамдардың назарын денсаулыққа үлкен зиян келтіретін темекі шегу мәселесіне аударуға арналған.

АРНАЙЫ  
КАБИНЕТТЕРДІҢ  
КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

Мамандардың айтуынша, темекімен күрес – адамның нәпсісімен тайталасы. Соны жеңген адам ғана жаман әдетін қоя алады. Ал бұл күресте оған қосымша мамандардың көмегі аса қажет. Осы орайда Биыл Қазақстанда емханаларда темекіге қарсы кабинеттер жұмысы бойынша қанатқақты жоба 4 емдеу мекемесінде іске қосылды. Соның үшеуі – Астанада. Сол кабинеттердің бірі Есіл ауданындағы №9 қалалық емханада ашылып, жұмыс істегеніне бірнеше ай болды. Емханада осы кабинеттің жұмысын жүргізетін салауатты өмір салты бөлімінің дәрігері Майра Рысбаеваның айтуынша, кабинет маусым айында ашылғалы бері мұнда 200-дей қала тұрғыны тіркеліп, қазір темекіден арылу үшін емделіп жүр.

– Көбі өз еркімен келеді. Негізінен, емханада терапевтке қаралуға немесе скринингтен өтуге келгенде, сондағы дәрігерлер олардың темекі шегетінін және одан құтылуына келетін ниетін білсе, бірден бізге жібереді. Бірақ біз оларға алдымен зиянды әдетті тастауға деген өздерінің қалауы болса ғана келуін сұраймыз. Біресе келіп, артынан келмей, бірде тастап, қайта бастап жүретін болса, қоя алмайтынын түсіндіріп айтамыз. Ешкімді мәжбүрлеп, сүйреп қойдыра алмайсың. Бізе келетіндердің көбі – 20, 30, 40 жылдан бері темекі шегетіндер. Олар «қойғым келеді, бірақ өзімнің қолымнан келер емес» дейді. Темекі шегуге көбіне адамдар отбасында бір жағдай болғанда немесе қатарына еліктеп барады, сөйтіп ол әдетке айналып кетеді. Сосын бертің келе денсаулығы сыр бере бастағанда қойғысы келеді, бірақ қоя алмайды. Жөтелі жиілеп, көбіне ер адамдар барлық жағынан әлсірейді, өкпе, қолқа ауруларынан бөлек, кеудесі ауырады, терісі сарғайып, өңі кетіп, бет-әлпеті қарғанды, қолы дірілдеуі мүмкін. Соны байқаған кезде өздері уайымдап, біздің көмегімізге жүгінеді. Бізге келгенде олармен бірнеше рет сеанс жүргіземіз. Менімен бірге бұл кабинетте терапевт, пси-



## ТЕМЕКІГЕ ТӘУЕЛДІЛІК – ЗИЯН ӘДЕТ

Адам ағзасында түрлі қауіпті аурудың пайда болуына себеп болатын ең зиян әдеттің бірі – темекі шегу. Өмірді қысқартатын қатерлі дерттің басы екенін білсе де, адамдар оған тәуелділіктен толық арыла алмай келеді. Әлемде өкпе қатерлі ісігінен қайтыс болғандардың 90 пайызына, созылмалы қолқа дертінен көз жұмғандардың 75 пайызына және жүректің ишемиялық ауруынан қайтыс болғандардың 25 пайызына темекі шегуі себеп болған.

холог, пульмонолог қызмет көрсетеді. Осындай кабинеттер бұрыннан ашылған АҚШ елінің мамандары келіп бізді оқытады, семинар өткізеді. Қазіргі таңда тіркелген 200 адамның 13-і темекіге тәуелділіктен арылып, жазылып шықты, – дейді Майра Рысбаева.

Арасында бір ай қойып, қайта бастап кеткендер болса да, кабинет дәрігерлері бәрін қайтадан бастап емдейді. Олармен келетінді телефон арқылы сөйлесіп, отбасындағы хал-жағдайын біліп, көп адам шоғырланған жерге бармауын айтып, кеңес беріп отырады. Қоя алмай жатса, қатты темекі шеккісі келген кезде оларға қажеттілігін басатын таблеткалар, сағыз, пластинка түріндегі заттар беріледі. Оларды емдеу барысында неше жыл тартқаны, отбасында тағы кімдер шегетіні, ортасы қандай екеніне талдау жүргізіле отырып, емдеу шаралары тағайындалады.

МЕКТЕПТЕ  
ОҚУШЫЛАРҒА  
ТҮСІНДІРЕДІ

Елордалық емхана қызметкерлері мектептерге барып, оқушыларға темекінің зияны туралы түсіндіру жұмысын жүргізеді. Себебі қазір вейп шегу жастардың ғана емес, мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында беуен алып тұр. Жақында №11 емхананың «Дауа» жастар денсаулық орталығының дәрігері Мәдина Алғазина және психолог Махаббат Амангелдинова Астанадағы №32 мектеп-гимназияда «Темекі шегудің ағзаға зияны. Вейпинг. Бұл хобби неге қауіпті?!» тақырыбында дәріс оқып, «Мазасыздық

пен депрессияны анықтау» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

– Жыл сайын темекі шегуден 8 миллионнан астам адам қайтыс болады. Бұл өлімнің 7 миллионнан астамы темекіні тікелей қолданудың нәтижесінен, ал 1,2 миллионға жуығы темекі шекпейтіндерге өзге адамның темекі түтінінің әсер етуі нәтижесінен болады. Темекі шегу тромбоздың туындау қаупін арттырады, созылмалы аурулардың, соның ішінде обирдың, өкпе аурулары және жүрек-қан тамыры аурулары дамуының негізгі қауіп факторларының біріне жатады. Әрбір 10 секунд сайын жер бетінде бір шылымқор көз жұмады. Оқушылармен кездесуде біз оның осындай көптеген зиянды жағын айтып, жаман әдеттен аулақ болуға шақырамыз, – дейді Мәдина Алғазина.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРІН  
НЕГЕ ҰСЫНАДЫ?

Халықаралық сарапшылар «Шылым шегуге қарсы күрес ойдағыдай нәтиже бермейді» деп мәлімдеді. Осыған орай, дамыған елдердің көбі никотин әдетінен бас тарта алмайтындарға



денсаулыққа қауіп аз электронды темекіге жүгінуді ұсынған. Мүлдем шекте деп тыйым салғаннан гөрі оларға зиянын азайтатын баламаларын ұсыну керек деп санайды. Себебі тыйым салу – ересек адамның таңдау құқығынан айыру. Алайда бүгінгі таңда түтіні болмаса да, вейптердің адам ағзасына аса зиян екені дәлелденді.

– 2017 жылдан бері Қазақстанда 4 жылда бір рет оқушылар арасында HBSC «Денсаулыққа қатысты мектеп жасындағы балалардың іс-әрекеті» деп аталатын зерттеу жүргізілген. Соның зерттеуі еліміздегі 121 мектепте 8528 бала қатысты. Соның нәтижесінде белгілі болғандай, 5-9-сыныптағы әр 10 оқушының біреуі вейп қолданғанын айтқан. Осы сыныптар бойынша 11-15 жас аралығындағы балалардың 5,8 пайызы қазіргі таңда вейп пайдаланады. Олардың арасында қыз балалар да бар. 2018 және 2022 жылдар аралығында Қазақстанда вейп пайдаланатын балалар саны 1,8 есе артқан. Электронды темекінің иісі жоқ, көп балалар ата-анасынан жасыру үшін соны шегеді. Вейп отпен қызғанда оның ішінде адамға зия-

нын тигізетін химиялық улы заттар бөлінеді. Оның көзге көрінбейтін зиянды жағын біз алдымызға келген адамдарға, барған жерде айтумен келеміз, – дейді Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы басқарма төрағасының орынбасары Жанар Амангелдіқызы.

Оның айтуынша, балалардың денсаулығына елеулі қауіп электрондық темекі сұйықтығының әсерінен болады. Темекі шегу терінің, тырнақтың, шаштың жағдайын нашарлатады, тісті бұзады, ауыздан, кнмен жағымсыз иіс шығуына әкеледі. Келе-келе вейптер өкпенің ғана емес, ернінің онкология ауруына әкелуі мүмкін.

БАС ТАРТСАҢЫЗ,  
НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Темекі шегуден бас тартқаннан кейін бір жыл өткен соң жүрек-қан тамыры ауруларының асқыну қаупі екі есе азаяды, 15 жылдан кейін қауіп мүлдем темекі шекпеген сау адамғағдай болады. Темекіні тастаудың артықшылығы бірден сезіледі. Оны шегуді тоқтатқаннан кейін 20 минуттан кейін жүрек соғу жиілігі төмендейді. 2-12 аптаның ішінде қан айналымы жақсарыды және өкпе қызметі қалыпқа келеді. 1-9 айдың ішінде жөтел мен ентігу кемиді. Бала кезде темекі шегуді бастап, жігіт шағында қойған елордалық тұрғын Амангелді Әміров темекіден бас тартудың жолы оның дозасын біртіндеп азайту дейді.

– Темекі шегу зиян екенін түсінеміз, бірақ кейде одан құтылу жолын білмейміз. Темекіден бас тартудың жолы оның дозасын біртіндеп азайту, мысалы, 1 қорап темекінің үлесін азайтып, ең соңында бір ғана темекі шегіп, тастаған уақытым болды. Жалпы темекі тастау ерік-жігерді талап етеді, тастаймын, кейін ерігіп қайта бастаймын, алдамшы сезім. Ақыры 3 жыл бұрын темекіден біржола бас тарттым. Ол қалай болды? Бір рет таңертең темекіден шыққан жағымсыз иістен өзім жиіркеніп кеттім де, бірден тастап кеттім. Есептесек, темекі сатып алу отбасы бюджетіне де әсер етеді екен, бастысы, денсаулыққа да зиян. Сонымен бір жаман гадеттен арылып, ұйым тыныш, ақшаға үнем, бастысы, көңіл күйім жақсы! – дейді Амангелді Әміров.

Ғалымдар мен дәрігерлерді алаңдататыны – көптеген адамның темекі шегуді зиян деп санамауынан бұл тәуелділіктен арылмауы. Темекі шегу зиянсыз әрекет емес, оның жылдар бойына сап-сау ағзаңызда батпандай ауруларды қалай жинап жатқанын шын мәнінде біліп, сезіне алсаңыз, өзіңізге-өзіңіз кесіріңізді тигізбес едіңіз. Бұл нағыз нашақорлық, тіпті одан да қауіпті, алайда көптеген адам оның соншалықты зиянын әлі де түсінбей келеді.

## ЮНЭЙДС НАУҚАНЫНА ҚОСЫЛДЫ

Астана Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні қарсаңында «Көшбасшылық – қауымдастықтарға» ұранымен өтетін ЮНЭЙДС-тің дүниежүзілік науқанына қосылады.



ЖИТС-тің алғашқы жағдайлары әлемде тіркелгеннен бері 40 жыл өтсе де, АИТВ – әлі де жаһандық қауіп. АИТВ жұқтыру қаупі жоғары халықтың негізгі тобы стигма мен кемсітушілікке жиі тап болады. ЮНЭЙДС-тің «Көшбасшылық – қауымдастықтарға» ұраны тек 1 желтоқсанда ғана естілмейді. Бұл осы жылдың қараша айында басталатын және ұзақ уақыт бойы жалғасатын іс-шаралардың ұраны болады.

«Қауымдастықтардың көшбасшылық рөлі АИТВ-ға қарсы іс-қимылдың барлық жоспары мен бағдарламасында бекітіліп, толық және сенімді қаржыландырылып, жан-жақты қолдау көрсетілуі тиіс. Бұл процесте қауымдастықтардың жетекші рөл атқаруына кедергі келтіретін барлық кедергілер жою қажет» делінген ЮНЭЙДС хабарламасында.

Астана қаласы АИТВ-инфекциясы алдын алу орталығының басшысы Қ.Асқаров атап өткендей, елордада халықтың барлық тобының АИТВ-ның алдын алу және емдеу қызметіне сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша түрлі шара қабылдануда. Медицина ұйымдарында қызмет көрсетумен қатар, халықтың негізгі топтарының өкілдері ЖИТС-сервистік үкіметтік емес ұйымдарда инвазивті емес экспресс-тесттерді қолдана отырып, АИТВ-ға тестілеуден өтіп, кеңес ала алады. Жыл сайын қала халқының 25 пайыздан астамы АИТВ-ға тексеріледі, тестілеудің қолжетімділігі мен уақытылығының арқасында жағдайлардың 80 пайыздан астамы аурудың 1-2, ерте сатысында анықталды. Дер кезіндегі диагностика пациенттердің Қазақстанда тегін негізде ұсынылатын антиретровирустық терапияға қолжетімділігін арттырады.

2023 жылы жоғарыда аталған қағидаттарды қолдау мақсатында қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы халықтың негізгі топтары арасында АИТВ-ның алдын алуға және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға күтім жасау және қолдау бағдарламаларын енгізуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты бөлді.

«Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде біз халықтың негізгі топтарына профилактика қызметін көрсететін 4 ҰЕҰ-мен бірлесіп жұмыс істеп отырмыз. Жобаны іске асыру барысында ҰЕҰ арқылы осы қызметтердің қажеттілігін көрсететін оң нәтижелерге қолдау көрсетілуі тиіс. Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта болашақта тиімділікке қол жеткізетінмізге сенімдіміз» деді Қ.Асқаров.

Астана қаласында онқұнды кезеңінде дәрігерлердің, азаматтық белсенділердің, білім беру ұйымдарының, ведомстволық органдардың қатысуымен АИТВ-инфекциясы бойынша хабардарлықты арттыру, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигма мен кемсітуге жол бермеу бойынша түрлі іс-шара өтеді. Адамдар көп жиналатын орындарда, сауда, ойын-сауық орталықтарында, базарларда, теміржол вокзалдарында, әуежайда АИТВ-ға жедел тестілеу ірі акциялары өтеді, жастар денсаулық орталығының еріктілерін тарта отырып, студенттерге арналған форум, пікірталас, флешмоб, дөңгелек үстел, викториналар ұйымдастырылады. Онлайн-марафон мен конкурстар, челлендж, сондай-ақ АИТВ-мен өмір сүретін аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық акциялары өтеді.

Астанада 2023 жылдың 10 айында АИТВ-инфекциясының жаңадан 352 жағдайы тіркелді.

## БАЛАЛАР ПЕДИАТРЫНЫҢ КЕҢЕСІ

20 қараша – Халықаралық педиатрлар күні. Осы атаулы күнге орай баланың денсаулығына жауапты дәрігер міндеттері туралы ҚР Президенті іс басқармасы медициналық орталығы «Қарлығаш» балабақшасының педиатр-дәрігері Гүлнар АХМЕТОВА айтып берді.

Медицина саласындағы ең жауапты мамандықтың бірі ол – педиатрия. Балабақша педиатрының міндеті – физикалық және психологиялық тұрғыдан баланың дұрыс жетілуін уақытылы қадағалау.

– Балабақшадағы біздің

ең басты міндетіміз – балапандардың денсаулығын сақтап, қауіпсіз өсіру. Жұмыс уақыты таңғы сағат 8-де ата-аналар мен балаларды қабылдаудан басталады. Балалардың дене қызуын тексеріп, топқа қосамыз. Тәрбиеленушілер таңғы ас

ішіп болған соң, олардың жағдайын біліп, тәрбиешімен үнемі байланыста боламыз. Тәрбиеші баланың денсаулығына шағым түсірсе, сол балаларды дереу тексерістен өткізіп, ата-анасы келгенше оқшаулап, алғашқы медициналық қызмет көрсетеміз.

Балақайлардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды дене шынықтыру, ән сабағында да қадағалап, көзден таса қалдырмаймыз, – дейді дәрігер.

Педиатр маманы ата-аналарға баланың ең алдымен дұрыс тамақтануына мән беруге кеңес береді. Баланың рационында жаңғақтар, сүт өнімдері, көкөністер мен жемістер міндетті түрде болуы керек.

– Екінші, таза ауада се-



руендету. Кез келген ауа райында баланы серуенге алып шығатын болсаңыз,

аурушандықтан сақтайсыз. Үшінші, ауа райына, температураға байланыс-

ты киіндіру. Баланы тым қатты қалың немесе жеңіл киіндірмеу керек. Төртінші, жиі қол жуу. Баланың ұстамайтын нәрсесі жоқ, сондықтан тазалық сақтау өте маңызды. Бесінші, уақытылы ұйықтатып, уақытылы ояту. Спортпен айналысып, жақсы көңіл күйде жүруге дағдыландыру, яғни баланың күнделікті күн тәртібін қатаң қадағалау керек. Осы орайда әке мен ананың атқаратын рөлі орасан зор. Аталған қағидаларды әдетке айналдырсаңыз, физикалық және рухани сау ұрпақ өсіресіз, – дейді Г.Ахметова.

– Шынар Қадимқызы, экзистенциалды психотерапияның бір түрі – логотерапия өмірден мән тапқан адамның жанынан безбейтінін айтады. Расымен, өмірге деген құлшыныстың артуына адамның үлкен мақсатының болуы әсер ете ме?

– Қазақтың жалпақ тілімен айтсақ, логотерапия адамды мәнмен емдеу ғой. Бұл ілімнің негізін қалаған австриялық психиатр Виктор Франклдің өзі де нацистік концлагерьде талай өлімнің аузынан қалған тұтқын. Оның Освенцимдегі адам төзгісіз жағдайда ақылынан жаңылмай, шыдам таңытуына да осы өмірлік мән, яғни концлагерьден шыққан соң кітап жазып, адамдарды суицидтің тырнағынан аман алып қаламын деген адамзаттық арманы көмектеседі. Әлбетте, туған қаласында қалған ата-анасы мен жары да оның ажалға берілмеуіне алапат күш берген-тін. Ғалым бұл арманын орындады да, оған 1933-1937 жылдары өзіне қол жұмсамақшы болған 3 мыңнан астам науқас келіп қаралған. Франкл солардың түгелге жуығын абыройсыз ажалдан аман сақтап қалды.

– Яғни адам не үшін өмір сүріп жатқанын білсе, оны алға жетелейтін үлкен мақсат-мұраты болса, пенденің алғашқы қажеттіліктері – ас-су, жылу мен жағдайдың мардымсыздығына қарамастан, тіпті өміріне зор қауіп төніп тұрған қиын шақтарда да тірлікке деген құлшынысын жоғалтпайды дегіңіз келеді ғой?

– Дәл солай. Адам қандай жағдайға тап келсін мейлі, мән тапқан жан өмірден түңілмейді. Мысалы, Әлихан, Мағжан сынды Алаш арыстарының өмірін алайық. Олар да концлагерьлерде айлап, жылдап жатты. Ол жерде тамақ та, киім де, жылу да жоқ қой. Оның үстіне қабырғаны қайыстырар ауыр жұмыс. «Қай сәтте ажалдан хабар келер екен?» деген үрей тағы бар. Әйтеуір өлместің күні. Бірақ олар мәннен ажырады ма, мақсатын өзгертті ме? Жоқ, олар ештеңеге қарамастан, сол мақсатында қалды. Яғни адамның ұлы мақсаты болғандықтан, оған тұрмыс факторлары әсер етпейді. Әрбір адам – қайталанбайтын феномен. Мәселенің мәнісі сол – адам осы ерекшелігін таңып-білуі керек. Абайша айтсақ, сол ерекшелігімен мына «кірпіш дүниенің кетігін тауып қалаңы» тиіс. Тамақ, киім, машина, жұмыс, карьера дегеніңіз – қысқа мерзімді



# МАҚСАТЫ БАР ЖАН ӨМІРДЕН ТҮҢІЛМЕЙДІ

Суицидтің алдын алу үшін баланың бойына рухани құндылықтар сіңуі керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша Қазақстан суицид саны бойынша 20-орында тұр. Жұмбақ өлімнің себептері неде? Адамның өмірден баян табуының негізгі шарттары қандай? Педагог-психолог Шынар ТӨКЕНОВА бұл мәселелерге логотерапия тұрғысынан жауап берді.

мақсаттар. Бұл да белгілі бір мерзімге дейін адамның құлшынысын оятады, деген мұның да өмірі қысқа. Кейбір адамдардың орта жаста тоқырауға ұшырайтыны да содан. Жас кезінде қойған мұратына жетіп қойған. Енді қолда бар нәрсені қызықтырмайды. Сөйтіп кейбіреулер өмірден баз кешеді. Адам қуыскеуділік, неврозға шалдығады. Ал бұл болмыстың ашылмауынан, қоғаммен байланыстыратын үлкен мәннің болмауынан орын алып жатады. Тұлға өзін өмірде бар сезінбесе, агрессия, депрессия, апатия күйіне түседі. Мысалы, біреуге көмектесу, айналаның жақсаруына үлес қосу – бар болу. Егер адам бала кезінде бір адамға көмектессе, үлкен жақсылық жасаса, содан ләззат алады, бұл әрекеті өмір бойы жүрегін жылытып жүреді. Рас, адамға материалдық та, рухани құндылық та қатар керек, бірінсіз-бірі қиын болады. Бірақ біз басты орынға рухани құндылықты қоюмыз керек. Тұлғаны жеке дамуы, отбасы бақыты, қоғамдағы қарым-қатынас, өзіне деген сенімі – осы көзге көрінбейтін, құжатпен дәлелдей алмайтын, адамның басқа адаммен бөлісе алмайтын, өзіне ғана тиесілі құндылықтар. Бұлар болмаса, материалдық жағдайдың құны болмайды.

– Дегенмен редуционизм белең алған, яғни құнсыздану басымырақ заманда бұл қаншалықты мүмкін? Деректерге көз жүгіртсек, Виктор Франклдің өзі де осы редуционизммен бетпе-бет келіп, зерттеген ғой.

– Иә, редуционизм – бізді рухани құндылықтардан алыстататын құрал. Ал руха-

ни құндылық – өмірдің мәніне жақындататын тура жол. Жоғарыда айтқанымыздай, ажал сепкен концлагерьде де ең мықты тұтқындар – рухани дүниесі жоғары адамдар болған. Бір қызығы сол – олар адамды айуанның деңгейіне түсірген, ақыл-есінен айыратындай ауыр жағдайда да адамгершілігін сақтап қалған. Түбінде азап абақтысынан аман шыққандардың арасынан сол бекзат жандардың қарасы көп болған. Ал адамға зат ретінде қарау осы құндылықты өшіреді. Мәселен, ер адамның әйелге тек тек қана бала туатын, тамақ жасайтын, үй жинайтын техника сияқты қарауы, ал әйел адамның ер адамға әшейін ақша табатын өмиан, жағдайды жасайтын робот ретінде қарауы әрі-беріден соң ерлі-зайыптыны қажытып, шаңырақтың шайқалуына әкеледі. Себебі саналы адам тек тамағы тоқ, көйлегі көк болғанға малданбайды, одан биік мәнді іздейді ғой. Сол айтқандай, мектепте оқушыларға сан ретінде қарап, адам құрлы қарым-қатынас, өзін ерекшелігіне қарай тапсырма бермесе де солай, бұл балалардың сыртқы немесе ішкі ашу-ызасын тудыруы мүмкін. Өйткені олар өзінің феномендік қасиетін басып тастағанды жақсы көрмейді. Редуционизмнің әсерінен жұмыста да адамға робот ретінде қарау, әсіресе, өнер иелерінің өз талантын жоғалтып алуы сияқты қасіретке әкелуі мүмкін.

– Сіз айттып отырған сыртқы ортаның әсерінен бала өз-өзіне сенімсіз болып, әртүрлі неврозға ұшырамауы үшін құндылықтарды сіңіру тал бесіктен басталуы қажет шығар?

– Иә, бұл – дауласпайтын мәселе. Барлық психолог мәселенің төркінін балалық шақтан бастайды. Сол үшін балаға кішкентайнан құндылықты құю керек. Бұл күресті біз балабақша және бастауыш сыныптан бастағанды жөн көріп отырмыз. Құндылыққа толған кеуде еш бос болмайды. Яғни неврозға ұшырамайды. Неврозға ұшырамаса, депрессия болмайды, олай болса суицидтің де беті аулақ болады деген сөз. Мысалы, кесірткені алайық. Бұл жәндікті кессең, басқа денесі өз жұмысын атқара береді ғой. Адам да солай. Қандай қиындық түссе де мән тауып алады да, тіршілігін жалғастыра береді. Яғни бұл «қолыңда лимон болса, секер сеуіп, лимонад жасап іш» деген қағидаға саяды. Сол үшін де бала кез келген ситуацидан мән тауып шығып кетуі үшін оның бойына табандылық, күрескерлік, қажырлылық қасиеттерін сіңіруіміз керек.

– Ал балабақша мен мектептер өзіне сенімді тұлға тәрбиелеу үшін не істей алады?

– Оқу-тәрбие барысында оқушыны бар ететін – мұғалімнің қарым-қатынасы. Бұрын балаларда күйзеліс, суицид деген жоқтың қасы болатын, болса да қатты із қалдырмай өте шығатын еді. Оның себебі бұрынғы тәрбие процесінің мықтылығында ма деймін. 1-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін міндетті түрде тәрбие шаралары өте көп өтетін. Бұлар – сынып сағаты, тақырып сағаты, дәстүрлі, дәстүрлі емес форматтағы ата-анамен, баламен жұмыс. Оның суицидке қатысы қандай десеңіз, ең бастысы, баламен осындай тәрбиелік іс-шаралар жиі өтіп тұрса, ол өзін керек сезінеді. Онда олардың

әрқайсысына көңіл бөлініп, белгілі бір тақырыпқа қатысты пікірі тыңдалады. Мысалы, оқушының тақта алдында тақпақ айтуының да пайдасы зор. Оқу процесінде бір мұғалім баланы орнынан-ақ сөйлетеді, ал бір мұғалім міндетті түрде тақта алдына шығарады. Мұның маңызы үлкен. Бұл кезде бала бойында көрінбейтін, байқалмайтын процестер жүріп жатады. Яғни аудиториямен жұмыс, көз-қарыммен орнату, бой-дағы сенімін арттыру, т. б. Бала қобалжудың бірнеше секундтардан кейін жоғалып кететінін байқайды және осыдан кейін өзінің көпшілік алдында беделі өсе бастайтынын аңғарады. Ал қазір балабақшалар мен мектептерде тақтаға шығып тақпақ айту, өлең айту, билеу, көрініс қою жоқтың қасы. Ал бастауыш сыныпта баламен қоса, ата-анамен жаңаша форматта жиналыс өткізу де өз пайдасын береді. Тағы бір қоса кетерім, спорт үйірмелеріне қатыспайтын, дене қимылымен көп шұғылданбайтын балалар суицидке бейім келеді екен. Сондықтан жасөспірім шақта дене шынықтыру сабағының, жалпы спорттың пайдасы зор. Сонымен қатар ән-күй сабағының жаны да, төні де сау ұл-қыздың қалыптасуына ұшан-теңіз үлесі бар. Адам ән айтқанда өкпеге оттегі барады, ол мида қанықтырады. Мұның барлығы баланың қан айналымын реттеп, көңілін көтеріп, өмірге құлшынысын арттырады. Бір сөзбен айтқанда, керемет эстетикалық әлемде өмір сүрген бала өмірден түңілмейді, жаны жадыраңқы болады.

Сұхбаттасқан Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

Дүниежүзілік балалар күніне орай елордада қазақстандық Швейцария-Америка колледжінде инклюзивті қолдау кабинеті ашылды.

## ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ



Ашылу салтанатына қатысқан Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев «Қаламызда инклюзия бойынша оқып жатқан 200-ге жуық колледж студенті бар. Алдағы уақытта қазақстандық Швейцария-Америка колледжінің тәжірибесіне қарай басқа да колледждерде ашу жоспарланып отыр. Ал бұл бағытта білім беретін педагогтар назардан тыс қалмайды. Жыл сайын 500-ден астам педагог мамандандырылған орталықта инклюзия бойынша біліктілігін арттырады» деп атап өтті. Бүгінгі таңда колледж-

де ерекше білім беруді қажет ететін 98 студент білім алып жатыр. Аталған колледж директоры Гуль Жанаеваның айтуынша, ерекше қажеттіліктері бар студенттердің оқу процесін жақсарту үшін техникалық және әлеуметтік жағдай жасалған. Айта кетейік, аталған колледжде кіреберісте пандустар мен тұтқалар орнатылып, дәретхана дүңгіршектері кеңейді, кіреберіс есікке дабыл қо йылып, тактильді жол орнатылды. Сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді тасымалдау үшін инватакани жұмысы жолға қойылған.

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Астана қаласының «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері 2023 жылғы 15 желтоқсанда сағат 11:00-13:00-ден бастап Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтетін:

1. Шертер және Балталы көшелерінің ауданында «Абаттандырудан» «Мектепке дейінгі білім беру объектісіне»;
2. Ақыртас және Дауылпаз көшелерінің қиылысы ауданында «Абаттандырудан» «Қоғамдық тамақтану» (балалар мейрамханасы) объектісіне, тапсырыс беруші «The Chef Delicatessen» ЖК, нысаналы мақсатын өзгерту туралы түбегейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтетін туралы хабарлайды.

Дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей p.seitzharov@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24-үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

«Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ «Ә.Сембинов көшесі, 4 және 4/1 мекенжайы бойынша орналасқан №8 қалалық емхана» ШЖҚ РМК ересектер мен балалар корпустары арасында ауысу құрылысы» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық талқылаулар 28.11.2023 ж. және 04.12.2023 ж. аралығында 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал веб-сайтында өтеді.

Жобалық құжаттама пакетін бірыңғай экологиялық порталда қарауға болады: <https://ecportal.kz>

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабилданады.

Бастамашы – «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ, тел.: +7 (7172) 32-01-58.

ҚОҚБ жобасының әзірлеушісі – «Погорелов В.Ф.» ЖК, тел.: +7 (702) 291-91-19.

Жергілікті атқарушы орган – «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ, тел.: +7 (7172) 55-75-11.

### БАСПАСӨЗ-2024

## ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

\*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсан-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс	65617	Баспалық жазылу бағасы	Индекс	15617	Баспалық жазылу бағасы		
Жеке жазылушылар үшін	1 айға	430	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға	500		
	3 айға	1 335		3 айға	1500		
	6 айға	2 670		6 айға	3000		
	12 айға	5 400		12 айға	6 000		
Индекс	65617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс	15617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы		
	Жеке жазылушылар үшін	1 айға		639,36	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға	889,36
		3 айға		1 918,08		3 айға	2 698,08
		6 айға		3 836,16		6 айға	5 396,16
12 айға		7 672,32	12 айға	10 792,32			

## СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ – АСТАНА

VI жазғы спартакиаданың аясында өткен бокс турнирінде Астана қаласының командасы жеңімпаз атанды. 4 жылда бір рет өтетін спартакиада бәсекесінде 13 салмақта 176 спортшы жүлдеге таласты.



## Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Спартакиада финалында 2 салмақта әлем чемпиондары қолғап түйістірді. Атап айтқанда, 51 келі салмақта Сәкен Бибосынов (Белград, 2021) пен Санжар Тәшкенбай (Ташкент, 2023), ал 80 келіде Бекзат Нұрәулетов (Екатеринбург, 2019) пен Нұрбек Оралбай (Ташкент, 2023) өзара мықтыны анықтады.

Астана шаршы алаңында 4 боксшы екінші рет қатарынан спартакиада чемпионы атанды. Атап айтқанда, Сәкен Бибосынов (Түркістан облысы, 51 келі), Талғат Шайкен (Ақмола облысы, 71 келі), Нұрбек Оралбай (Астана қаласы, 80 келі) және Айбек Оралбай (Астана қаласы, 92 келі) топ жарды.

Турнирдің ең егде чемпионы Теміртас Жүсіпов (Ақмола облысы, 35 жас), ал турнирдің ең жас чемпионы Темірлан Мұқатаев (Астана қаласы, 19 жас) болды.

Турнирдің ең үздік боксшысы болып Сәкен Бибосынов (Түркістан облысы), ал турнирдің жаңа есімі болып Темірлан Мұқатаев (Астана қаласы) танылды.

Командалық есепте Астана қаласы (3 алтын, 2 күміс) бірінші орын, Жамбыл облысы (3 алтын) екінші орын,



Түркістан облысы (2 алтын, 2 күміс, 1 қола), Ақмола облысы (2 алтын, 1 күміс, 1 қола) төртінші орынға ие болды.

Келесі спартакиада 2027 жылы өтеді.

## VI жазғы спартакиаданың чемпиондары:

48 келі: Теміртас Жүсіпов (Ақмола облысы);  
51 келі: Сәкен Бибосынов (Түркістан облысы);  
54 келі: Нұрсұлтан Алтынбек (Қызылорда облысы);  
57 келі: Махмұд Сабырхан (Шымкент қ.);

60 келі: Бейбарыс Жексен (Жамбыл облысы);  
63 келі: Мұхаммедсабыр Базарбайұлы (Түркістан облысы);  
67 келі: Дулат Бекбауов (Жамбыл облысы);  
71 келі: Талғат Шайкен (Ақмола облысы);  
75 келі: Диас Молжігітов (Жамбыл облысы);  
80 келі: Нұрбек Оралбай (Астана қ.);  
86 келі: Темірлан Мұқатаев (Астана қ.);  
92 келі: Айбек Оралбай (Астана қ.);  
+92 келі: Дамир Тойбай (Алматы қ.).

Қорғаныс министрлігі мен Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен елордадағы колледждер арасында волейболдан турнир өтті. Жарысқа 16 команда қатысты.

## ҚАҺАРМАН АТЫНДАҒЫ ЖАРЫС

## Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Ашылу салтанатында «Атамнұн апату» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы Мұрат Молдағалиев:

– Елдің тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шараның басты ерекшелігі – әрбір қатысушы команда Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры болған тұлғалардың атымен аталған команда сапында өнер көрсетеді. Осылайша жастарды халқымыздың қаһарман тарихымен таныстыруға тырыстық, – деп турнирдің негізгі идеясымен таныстырды.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орын Астана халықаралық университеті педагогикалық колледжінің «Рақымжан Қошқарбаев» атындағы командасына бұйырды. 2-орынды Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті колледжінің «Ысқақ Ибраев» атындағы командасы еншіледі. 3-орынға көлік және коммуникация жоғары колледжінің «Леонид Беданың» атымен өнер көрсеткен командасы көтерілді. Осы команданың өкілі Диас Жақыпов «Үздік шабуылшы» деп танылды. Мағжан

Жұмбаев атындағы халықаралық колледж студенті Әмірхан Қасымов «Үздік байланыстырушы» атанды. Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Қорғаныс министрлігі әскери колледжінің өкілі Досжан Ізгілеу «Үздік бұғаттаушы» деп танылды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті колледжінің қызметкері Еламан Омаров «Үздік либеро» атанды. Құрылыс-техника колледжінен Бекзат Қадылбек, республикалық медицина академиясы медициналық колледжінен Әлімжан Елеусінов және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті колледжінен Дархан Қалиев турнирдің «Үздік ойыншылары» деп танылды.

Жарыстың соңында ҚР Қарулы күштері ардагерлері мен колледж командалары жаттықтырушыларының арасында жолдастық кездесу ұйымдастырылды. Көпшіліктің назарын өзіне аударып, өте тартысты өткен кездесуде отставкадағы генерал-лейтенант Абай Тасболатов бастаған ардагерлердің «Сарыарқа» командасы жеңіске жетті.

С.Нұрмағамбетовтің мерейтойы алдағы жылы еліміз бойынша кең көлемде аталып өтеді. Демек, бұл даңқты батырға көрсетілген құрметтің, үлкен іс-шараның басы ғана.



## АРНАЙЫ ЖАСАҚҚА АРНАЛҒАН

Үстіміздегі жылдың қараша айында елімізде «Burkit» арнайы жасағы туралы фильм көрерменге жол тартты. Мемлекет қауіпсіздігі мен ел тұрғындарының өміріне қауіп төндіретін қылмыстарға қарсы жедел әрекет ететін «Burkit» арнайы жасағы туралы жарыққа шыққан жаңа туынды отандық киноиндустриядағы сирек фильмнің бірі және қалың көпшіліктің, әсіресе, жастардың қызу қолдауына ие болуда.

## Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Көркем фильмнің түсіріліміне арнайы жасақ, әскери техника және авиация, сондай-ақ 200-ден астам белсенді әскери қызметші қатысқан. Жедел-іздістіру шараларына арқау болған картинаның түсірілімі Алматы облысының көрікті жерлерінде, Қонаев қаласында, Есік көлінің тау сілемдерінде және Іле өзенінің бойында өткен. «Burkit» экшн фильмі 2 қарашадан бастап барлық кинотеатрда қазақ және орыс тілінде көрсетіле бастады. Фильм режиссері Данияр Ибрагимовтың бұл картинасы – дебюттік жұмысы. Фильмде сарбаздардың ерлігі, достық, махаббат пен отбасы қиын-

дықтары көрсетіледі. Фильмде «Бүркіт» арнайы жасағының сарбаздары «күрең берет» кино құқығына ие болу үшін сынға түседі.

Сценарий арнайы жасақ құрамындағы Айбын, Қайсар және Руслан есімді үш сарбаздың бастан кешкен оқиғалары арқылы өрбиді. Фильмге Дәурен Сергазин, Санжар Мәди, Асылхан Төлепов, Гүлнәз Жоланова, Әсел Сағатова, Жандос Айбасов және Азамат Сатыбалды сынды еліміздің танымал актерлері түсті.

Ұлттық ұландардың ел қауіпсіздігі, бейбіт өмір үшін күрескен, жанқиярлық еңбегін көрсеткен осындай фильмдер кино қоржынын толтыра берсе игі.



## СУРЕТШІЛЕР САЙЫСЫ

Астананың Жастар сарайында «Тәуелсіз Қазақстан» атты суреттер байқауы өтті. Суретшілер сайысын Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Право» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Іс-шара колледждерде оқитын ата-ана қамқорлығынсыз қалған және интернат-кейінгі сүйемелдеудегі жастардың шығармашылығын қолдауға арналған. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен 350 жасөспірім қатысты. Жас суретшілер туындыларына еліміздің көріністерін, табиғатты арқау етті.

Қазақстан даласының шетсіз-шексіз кеңістігін, қуатты және айбынды тауларды бейнеледі. Қазылар алқасы авторлық суреттердің тақырыпқа сәйкестігін, көркемдік деңгейін бағалады. Қорытындысында жеңімпаздарға алғыс хат, ақшалай сертификат және бағалы сыйлық тапсырылды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №138

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ